

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№134 (9452) | 1954 жылғы 7 июль Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ВАШИНГТОНДАҒЫ АҒЫЛШЫН-АМЕРИКАН КЕЛІССӨЗДЕРІ ЖӨНІНДЕ

Жуырда Вашингтонда біржақты ағылшын-американ келіссөздері аяқталды.

Бұл келіссөздер Женевада, бес ұлы держава және басқа мүдделі мемлекеттер өкілдерінің Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе жөніндегі кеңесінің барысында, халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету алатын кейбір келісілген қарарларға жету жолдары айқындала бастаған кезде жүргізілді. Бұған байланысты мынадай әбден заңды сұрақтар туады: Ағылшын-американ келіссөздері неден туған? Бұл келіссөздер қандай мақсаттарды көздеді және оның нәтижесі қандай?

Бұл келіссөздердің түпкі мәні мен маңызын анықтау үшін ең алдымен кәзіргі халықаралық жағдайдың ерекше сыйпаттарын еске алу керек.

Бірінші жағынан, Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының, халықтық демократия елдерінің дәйекті бейбітшілік саясаты едәуір табыстарға жеткізді. Кореядағы соғыс тоқтатылып, мұның өзі халық аралық жағдайға маңызды өзгерістер енгізді. Бұл соғыстың тоқтатылуы мезгілі шеткен халықаралық проблемаларды реттеу жөніндегі шараларды талқылау үшін ұлы державалардың кеңестерін шақыруға жол ашты. Берлин және Женева кеңестері халықаралық даулы мәселелерді өзара келісу және келісімдер жасау негізінде реттеуге болады деп санауға толық негіз бар екендігін көрсетті. ҚХР Мемлекеттік әкімшілік советінің премьері Чжоу Эн-лайдың Индияның премьер-министрі Нерумен және Бирманын премьер-министрі У Нумен жүргізіп, жаңада ғана аяқталған келіссөздері бейбітшілік ісіне қосылған елеулі үлес болып табылады.

Екінші жағынан, АҚШ билеуші топтары «күн жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» атышулы саясатты — халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге емес, қайта халық аралық жағдайды онан әрі шиеленістіруге әкеліп соқтыратын саясатты бұрынғысынша жүргізіп келеді. Бірақ, бұл саясаттың күйреген үстіне күйреп отырғанын соқыр алаң ғана көре алмайды. Кореядағы американдық агрессиясы күйреді. Қытай Халық Республикасын оқшаулауға және оның ұлы держава екендігін елеуге тырысқан американдық дипломатиясының әрекеттері сәтсіздікке ұшырады: оқығалардың барысында АҚШ Женевада келіссөздер жүргізу үшін

ты бар, мұнда «өзін-өзі басқару принципі» мен «барлық елдердің тәуелсіздігін» өз жүзінде мойындаудың ізінше жұртшылық пікірі әлдеқашан айыптаған, бірақ американдық дипломатиясы өршелесе қорғаштап келе жатқан «коммунизмді серпіп тастаудың» атышулы «доктринасының» ескі сылтаулары, дәлірек айтқанда, — Құрама Штаттардың еркін халықтарды құлдану жоспарлары тағы да жарыққа шығып отыр.

Декларацияда бұл жоспарларды «бұрын суверенді болған, кәзір құлдыққа отырған мемлекеттерге» декларацияның авторлары қамқорлық жасап отыр-мыс дейтін мүлде жалған, жалақорлық сылтаумен ақтауға әрекет жасалған. Бірақ бұл жалақорлық декларацияның авторларының ашықтан-ашық ұстап беріп отыр. Бұл жалақорлық АҚШ пен Англияның билеуші топтарының капиталистік құллықтың тепкісінен құтылған елдер жөніндегі жоспарларының агрессиялық сыйпатын анағұрлым айқындай түседі.

Декларацияның бұл пунктінде АҚШ-тың өз әріптестеріне қысым көрсетіп, оларды басқа елдердің істеріне араласуға итермелеп отырғаны, оларды дүниежүзілік жаңа соғысқа итермелеп отырғаны мәйліне айқын көрінді. Бірақ, кәзіргі халықаралық жағдайда дүниежүзілік жаңа соғыс бастау дегеннің мәнісі неде? Кәзіргі жағдайда соғыс бастау дегеннің мәнісі империализмнің барлық қайшылықтарын оның барлық зардаптарымен қоса ақырғы шегіне жеткізе шиеленістіруге деген сөз.

Міне бұл жағдайда соғыс авантюралары өткен дәуірдің сабақтарын еске алмай, осындай жолға түсетіндерді өте елеулі қауіпке ұшыратады.

Авантюралар жасау жолы — империализм практикасындағы жаңалық емес. 1919 жылдың өзінде, жас Советтік Россия аяғын әлі қаз баса бастаған кездің өзінде, оны бесігінде тұншықтыруға әрекет жасалған болатын. Бұл әрекеттің күйреумен аяқталғаны жұртқа мәлім. Ол ол ма, бұл әрекет империалистердің өздері үшін елеулі қауіп төндірген әрекет болды, өйткені империалистердің тылында халықтар өзін азат ету жолындағы күреске көтерілді. Егер империалистер жаңа туған жас дүниені бесігінде тұншықтыра алма-

ғындарды едәуір азайтқаны, ал оның бер жағында АҚШ пен Англияның онан әрі жанталаса қарулануын жатқаны жұртқа мәлім. Мұнымен қатар атом және сутегі қаруына ие болып отырған ССРО-ның бұл қаруды қолдануға тыйым салуды және бұл тыйым салудың орындалуына нәрменді бақылау қоюды үнемі талап етіп келгендігі де жұртқа мәлім. Жуырда Совет Одағы: «тігісті мемлекеттер атом, сутегі қаруын және жаппай қырып-жоютын басқа қаруды қолданбауға өздеріне салтанатты және үзілді-кесілді міндеттеме алысын» деген ұсыныс жасады. Тек АҚШ билеуші топтарының мұндай шаралар қолданудан қасарысып бастартқан әрекеті ғана осы аса маңызды мәселе жөнінде келісімге жетуге кедергі келтірді.

ССРО-ның атом қуатымен істейтін тұңғыш өнеркәсіп электр станциясын іске қосып, атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану ісінде нақты қадам жасағанын, бұл станцияның өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына тоқ беріп отырғанын кәзір тіпті бүкіл дүние жүзі біледі. ССРО-ның атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану ісінде кәзірдің өзінде АҚШ пен Англиядан озып шыққандығы, — міне бұл фактінің өзі көп нәрсені көрсетіп отыр және мұның өзі бұдан былай да әлі көп нәрсені сездіруге тиіс.

АҚШ пен Англияның мақсаттарына келетін болсақ, бұл мақсаттар Эйзенхауэр мен Черчилль декларациясының қорытынды бөлімінде «рухани, экономикалық және әскери күштерді дамытып, қолдап отыру» ниетін мәлімдеумен сыйпатталған. Бұл арада рухани және «экономикалық» күштің декларация авторлары алға қойған басты міндетті: әскери күшті дамыту, яғни онан әрі жанталаса қарулану міндетін бүркемелеуді көздеген бірден-бір мақсатпен ғана сылтау етіліп отырғанын түсіну қиын емес. Декларацияда айтылғандардың «соғыстық күшті» «дамытып, қолдай береміз» дейтін агрессиялық қоқанлоққыны тағы да үсті-үстіне атап көрсетуге арналғаны, ал оның бер жағында мұндай қоқанлоққыны үнемі қайталай бергенмен бұдан гөрі тіпті іс сенімді болмайтындығы және қойылған мақсаттарға жеткізбейтіндігі мүлде айқын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Вашингтондағы ағылшын-американ келіссөздері жөнінде (1-бет).

ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитетінде және еңбекшілер депутаттары Москва қалалық Советінің Атқару комитетінде (1-бет).

Поляк жазушысы Леон Кручковскийге «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлық тапсыру (1-бет).

КОМБАЙНШЫЛАР, ЕГІННЕН МОЛ ӨНІМ АЛУ КҮРЕСІНІҢ АЛДЫҢҒЫ САПЫНДА БОЛЫҢДАР! М. Хоменко. — Отан игілігі үшін. П. Левлюх. — Игілікті бастаманы қызу қостаймыз. П. Пономарев. — 14 мың центнер астық бастырамыз (2-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ. Г. Восипенко. — Партия аппаратының аудандық бұйымының қайта құрылуының кейбір нәтижелері (2-бет).

Жапа кітаптар (3-бет).

Б. Жақыпов. — Буласов ауданында (3-бет).

АУЫЛ- СЕЛОЛАРДЫ КӨРКЕНТУ — АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ. (3-бет).

М. Гречкосеев. — Электр қуатын пайдалану ісі жақсартылып. А. Григорьев. — Бір құрылыс мекемесінің жұмысындағы кемшіліктер (3-бет).

Н. Найденов. — Алматы артистерінің концерті (4-бет). Шетел хабарлары (4-бет).

ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитетінде және еңбекшілер депутаттары Москва қалалық Советінің Атқару комитетінде

ССРО Министрлер Советінің тапсыруы бойынша, ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитеті мен еңбекшілер депутаттары Москва қалалық Советінің Атқару комитеті ұлы көсемдердің. — Владимир Ильич Ленин мен Иосиф Виссарионович Сталиннің, сонымен қатар Коммунистік партия

мен Совет мемлекетінің Қызыл алаңда, Кремль қабырғасының іргесінде жерленген аса көрнекті қайраткерлерінің есімдерін мәңгі есте қалдыру мақсатымен Москва қаласында салынатын Пантеонның — Совет елінің ұлы адамдарының даңқын мәңгі сақтайтын ескерткіштің таңдаулы жобасына ашық конкурс жариялады.

Москва қаласында Пантеон — Совет елінің ұлы адамдарының даңқын мәңгі сақтайтын ескерткіш салудың таңдаулы жобасына конкурстың программасы мен шарттары

1. Пантеон Москва қаласының оңтүстік-батыс ауданындағы Ленин тауларының территориясында, Москва мемлекеттік университетінің жаңа үйінің оңтүстігінде 3,5 километр жердегі алаңда салынады.

2. Пантеон — Совет елінің ұлы адамдарының даңқын мәңгі сақтайтын ескерткіш қарапайым, сәулетті және зор болуға тиіс.

Пантеонның көлемі 80 мың текше метрден аспауға тиіс.

Пантеон салу және зейнеттеу үшін жолғары сапалы, мәңгі шыдайтын материалдарды қолдану қажет.

3. Пантеонның төңірегінде Пантеонға баратын ыңғайлы жолдары бар мемориалдық парк жасау үшін сол жердің табиғат жағдайын пайдалану жобада көзделуге тиіс.

4. Пантеонда мыналар көзделуге тиіс: а) В. И. Лениннің денесі салынған саркофаг пен И. В. Сталиннің денесі салынған саркофаг қойылатын зал.

Саркофагтар еңбекшілердің ұйымдасып өткен кезінде оларды оңай көруіне мүмкіндік туғыратындай болып орналастырылуға тиіс;

б) Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің Қызыл алаңда, Кремль қабырғасының іргесінде жерленген аса көрнекті қайраткерлерінің сүйектерінің күлді салынған урналар мен сүйектері анары-

саны — интерьерінің перспективалары үшін аспасын) түсінік хат.

Ескерту: Подрамниктердің мөлшері 1,0 X 1,25 метрден аспауға тиіс.

6. Конкурс жобалары жабылып печатталған (белгілі құпия аттармен), авторлардың фамилиялары, аттары, әкесінің аттары және адрестері туралы мәліметтер жазылған конверттермен бірге құпия аттармен тапсырылады.

7. Конкурс жобалары Москва қаласы, Горький көшесі, № 13 үйдегі Москва қалалық Атқару комитетіне 1954 жылғы 1 ноябрьден кешкінегі квантация бойынша тапсырылуға тиіс, бұл квантацияда автордың құпия аты және жобаны тапсырған мезгілі көрсетіледі.

Басқа қалалардағы авторлар өз жобаларын 1954 жылғы 1 ноябрьден кешкінегі жібереді, оны растау үшін дәл сол күні құпия атын және почта бөлімшесінің жобаны қабылдап алғаны туралы квантациясының номерін көрсетіп, Москва қалалық Атқару комитетіне (Москва, Москва қалалық Атқару комитеті деп) телеграмма жолдайды.

8. Конкурста тапсырылған жобалардың ішінен Пантеонның таңдаулы жобалары үшін мынадай сыйлықтар белгіленеді:

бірінші сыйлық — мөлшері 50 мың сом екінші сыйлық — мөлшері 30 мың сом үшінші сыйлық — мөлшері 10 мың сом

Кытаймен бірге бір столдың басында отыруға мәжбүр болды. Батыс державаларының Индо-Кытайдағы интервенциясын дереу ұйымдастырмақ болған АҚШ-тың әрекеттері сәтсіздікке ұшырады. «Күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» саясат «европалық қорғаныс бірлестігі» құруға қарсы шыққан европалық халықтардың қарсыласуына кездесті. Бұл саясат өздерінің американо-азиаттық монополияларының құлдануына қарсы шығып отырған Латин Америкасы халықтарының қарсыласуына кездесті. Ақырында, АҚШ саясаты ССРО-мен, Кытаймен, халықтық демократия елдерімен бірқалыпты экономикалық байланыстарды өркендетуге мүдделі болып отырған батыс елдерінің кәсіпкер топтары тарапынан күшейе түскен қарсыласуға кездесуде.

Міне бұл жағдайда капиталистік елдердің лагеріндегі қайшылықтар бұрынғыдан анағұрлым шиеленісті. АҚШ-тың, Англияның және Францияның «үшжақты одағы» қатты шатынан жарылды. Ағылшын-американо-азиаттықтарының мықтап шиеленіскенін еске алып, лондондық «Таймс» Вашингтондағы келіссөздердің қарсаңында былай деп жазды: «Бір жағдай өте айқын: екі үкіметтің арасындағы алауыздықтар жұрт алдында мойындалып отырғандығын анағұрлым елеулі». Ал француз-американо-азиаттықтары бұдан анағұрлым зор дәрежеде шиеленісіп отыр. Бұл шиеленістің тереңдей түскені тіпті соншалық, АҚШ Францияны Вашингтондағы кездесуге қатыстыру жайындағы ойынан бастартты. АҚШ Францияның ту сыртында және соның есебінен Англиямен келісуі ашықтан-ашық артық санап, Англиямен біржақты келіссөздер жүргізе бастады. Соның өзінде Эйзенхауэр мен Даллес АҚШ саясатын анағұрлым белсене қолдауын Черчилль мен Иденнен талап ету міндетін алдына қойып, Англияға қысым жасаудың барлық құралдарын іске қосты.

Ағылшын-американо-азиаттық елдердің алауыздықтардың сыйпаты АҚШ пен Англия «саясаты принциптерінің декларациясы» деген даурықпалы атпен 29 июньде батыс баспасөзінде жарияланған Эйзенхауэр мен Черчилльдің—бірлескен декларациясына да айқын көрінді.

Бұл декларацияда АҚШ пен Англияның бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз ету ісінде ынтымақтасуға әзір екендігі сендірілген. Бұл документтің авторлары тіпті АҚШ пен Англия «әділетті және адал ниетті бейбітшілік орнатуға қатысқысы келетінін салтанатты міндеттемесімен және мұны дәлелдейтін істерімен көрсетіп отырған елдің қандайына болса да және барлық елдерге достық қолына» созып отыр деп мәлімдеген. Совет Одағы және басқа бейбітшілік елдер мұндай мәлімдемелердің тек өзін ғана тілектестікпен қарсы ала алады. Бірақ Эйзенхауэр мен Черчилль декларациясының алғашқы екі пунктінде жасалған мәлімдемелерді «созылған қол» жайындағы мәлімдемелерге мүлде қайшы келіп отырған декларацияның келесі пункттерінен оқшаулап, бөле қарауға болады. Бұл жағынан алғанда декларацияның үшінші пунктінде ерекше сыйпа-

ған болса, онда қазіргі уақытта, Совет Одағы аса қуатты социалистік державаға айналған кезде, ССРО бастаған және адамзаттың үштен астамын біріктіріп отырған социалистік лагерге ұлы күш болып өскен кезде және бүкіл дүние жүзінде халықтардың бейбітшілік пен бостандық жолындағы қозғалысы күшейіп, нығайып отырған кезде,—империалистердің авантюристтік жоспарларының сәтсіздікке ұшырайтындығы күмәнсіз.

Тарихтың тәжірибесі үйретіп отырғанындай, империалистік агрессияның өзі империализмді құлатуды күн тәртібіне барған сайын қажырлылықпен қойып отырған күштердің мықтап өрлеуін сөзсіз тудырады. Егер дүниежүзілік бірінші және екінші соғыстардың нәтижесінде 900 миллион адам капиталистік құлдықтан құтылып шыққан болса, онда дүниежүзілік үшінші соғыс бүкіл капиталистік системаны сөзсіз күйретеді.

Эйзенхауэр мен Черчилль декларациясының жалған сыйпаты оның авторлары «БҰҰ-ны қолдауға» ниеттеніп отырғанын мәлімдеген кезде де мүлде айқын көрінеді. АҚШ-тың билеуші топтары бірқатар жылдар бойы ұлы қытай державасының БҰҰ-дағы заңды орнын алуына кедергі жасап, бұл ұйымның негіздерін әлсіретіп отырған уақытта, БҰҰ-ны қолдау жайында қандай әңгіме болуы мүмкін? Ал американо-агенттері сырттан ұйымдастырған және АҚШ заңды үкіметті зорлықпен орнынан түсірген Гватемаладағы интервенцияға қарсы шаралар туралы Хауісіздік Советінде мәселе талқылаудан АҚШ пен Англия өкілдерінің бастартқандығы ағылшын-американо-азиаттық декларациясының жалғандығын әшкерелеп отырған жоқ па?

Эйзенхауэр мен Черчилль, бұдан кейін, өздерінің «тиісті елдерден құрылатын ассоциациялар» құру ісін, басқаша айтқанда, АҚШ билеуші топтарының агрессиялық жоспарларын қолдауға әзір отырған елдерден «ассоциациялар» құру ісін жақтайтынын тағы да мәлімдеген. Бұл мәлімдеме АҚШ пен Англияның бір мемлекеттердің басқа мемлекеттерге қарсы бағытталған агрессияшылық соғыс топтарын құру принципін халықтардың бейбіт ынтымағы мен коллективтік хауісіздіктің идеясына бұрынғысынан қарама-қарсы қойып отырғандығын көрсетеді.

Бұған байланысты Берлин кеңесінде Совет Одағы ұсынған Европадағы коллективтік хауісіздік туралы Жалпыевропалық договор жобасының бүкіл маңызын және оның мезгілінде ұсынылғанын атап көрсету керек, бұл договор «европалық қорғаныс бірлестігінің» альтернативасы болып табылады және Европада ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзінде де бейбітшілік пен хауісіздік ісін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Ағылшын-американо-азиаттық декларациясында қару-жарақтарды «жаппай және батыл азайту», атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану туралы сөздер айтылған. Егер мұндай сөздер АҚШ пен Англия тарапынан нақты қыймылдармен қуатталған болса, бұл сөздердің тиісті маңызы болар еді. ССРО-ның соғыстан кейін өз қарулы күштерін және соғыс бюджеті жөніндегі шы-

ғындарын, ағылшын-американо-азиаттық декларацияның жарияланған Эйзенхауэр мен Черчилльдің декларациясы немі көрсетіп отыр?

Бұл декларация ең алдымен «күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» саясатты бұрынғыдан да төрі қаталдықпен жүргізуге тырысып отырған АҚШ агрессияшы топтарының қысымымен Англияның осы агрессияшы топтардың айтқанына көну жолында тағы бір қадам жасағанын көрсетеді. Бірақ декларацияның ерекше бір сыйпаты оның немі айтып отырғанында емес, сонымен бірге оның қандай мәселені айтпай, бүгін отырғанында. Декларация бірқатар мәселелер жөнінде, бұрын АҚШ, Англия және Франция келісілген саясатымыз бар деп дәріптеп келген мәселелер жөнінде үндемей отыр. Декларацияның авторлары, барлық күшін салып тырысқанына қарамастан, империалистік лагерьдегі елеулі алауыздықтарды жасыра алмаған.

Шетелдік баспасөздің пікірлері, мысалы, АҚШ пен Англияның Индо-Кытай туралы және Оңтүстік-Шығыс Азияда отаршыл державалардың соғыс блогін құру туралы мәселе жөнінде келісе алмағандығына назар аударуда.

Англияның билеуші топтары АҚШ-тың бұл блокті құру туралы ұсыныстарына өте сенімсіздікпен қарап отырғаны жұртқа мәлім. АҚШ-тың Францияға және басқа отаршыл державаларға «көмектесу» дегенді бетке ұстап, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы өте қолайлы стратегиялық және экономикалық позицияларды басып алуға тырысып отырғаны Лондондағылар түсінеді. Бұл жоспарға қарсы пікір айтқан Иден Вашингтондағы келіссөздердің қарсаңында, қауымдар палатасында сөз сөйлеген кезінде Оңтүстік-Шығыс Азияға арналған өз жоспарын ұсынды. Оның жоспары, біріншіден, Оңтүстік-Шығыс Азияда негізгі ұйытқысы Британия империясының елдері болатындай блок құруды көздеді, екіншіден, «коммунистік және коммунистік емес елдердің» қатар өмір сүруінің неңдей бір формасын іздестіру керек дегенді аңғартты.

Бұл жоспардың сыйпаты тым көмескі екендігіне қарамастан, бұл жоспар Вашингтонда күшті наразылық тудырды. Мұндағы бір сыйпатты жағдай сол, 29 июньде — келіссөздер аяқталған күні — АҚШ өкілдер палатасында «хауісіздікті өзара қамтамасыз ету» дейтін туралы заң жобасын талқылаудың барысында сыртқы істер жөніндегі комиссия арнаулы түзетуді мақұлдаған. Бұл түзетуде былай делінген: Оңтүстік-Шығыс Азия үшін бөлінетін қорлардың қандай болса да «Азияның белгілі бір территориясындағы коммунистік басқаруды қолдауға договор бойынша міндеттенген үкіметтер үшін пайдаланылмауға тиіс». Бұл түзетудің Англияға тура қарсы бағытталған сыйпаты бар екенін және «Иденнің жоспарына» тікелей қарсы бағытталып отырғанын көру қиын емес, соның өзінде, бұдан көрініп отырғанындай, қазір Иден де коммунизмнің сыбайластары қатарына жатқызылған.

Қазіргі жағдайда американо-азиаттық топтарының агрессиялық әрекеттерін тіпті АҚШ одақтастары арасында да толық қолдай отырған жағдай тұрақты көрінуіне болмайды. АҚШ-тың Франциямен келісімі келмеді. Олар алауыздықтарды жою туралы Англиямен келісе алмады. Азияның, тіпті Азиядан тыс жердің ең үлкен елдері АҚШ-тың саясатымен келіспейтінін ашықтан-ашық білдірді.

Американо-азиаттық даурығып отырған АҚШ пен Англия «позицияларының» кейбір дәрежеде «жақындасуы» тек ағылшындардың икемге келуі есебінен ғана мүмкін болған. Вашингтонда келіссөздер жүргізуге барған Англия өзінің жоспарларын жүзеге асыра алмай, Англияның АҚШ-пен жекпе-жек қалған жағдайда әрқашан да ұтылып қалып жүргеніндей, ол бұл жолы да ұтылып шыққан.

Бірақ Англия мен басқа капиталистік елдер үшін АҚШ-тың агрессияшы күштерінің айтқанына көну дегеннің мәнісі неде? Мұның мәнісі — дүниежүзілік жаңа соғысқа әзірлену жолына түсу деген сөз. Мұндай жолдың отан түсуге келісетіндер үшін аса зор апатты зардаптары болатындығын тағы да айтып жатудың қажеті жоқ. Агрессияшы американо-азиаттық бүкіл зардаптарын басынан кешірген Францияның, Англияның және басқа елдердің халықтары халықаралық авантюралар жасаудың бұл саясатының ауыртпалығын, қарсылық көрсетпей, үндеместен көтеріп отыра алмайды.

АҚШ-тың империалистік топтары агрессиялық соғысты әзірлеу жоспарларын күшейтуге жаңа әрекеттер жасап отырған уақытта, Совет Одағы, Кытай Халық Республикасы, демократиялық лагердің барлық елдері бейбітшілік пен халықаралық ынтымақ жолындағы, соғыс өртен ушықтыру әрекеттеріне қарсы, күресте шешуші күш болып шығып отыр. Бұл елдер өздерінің басқа елдермен, соның ішінде капиталистік елдермен де қарым-қатынастарын бейбіт негізде орнатып, бұл қатынастарды бұдан былай да дамыта беруді тілеп отыр. Өзінің сыртқы саясатының осы сара жолынан таймайтын Совет Одағы Европада коллективтік хауісіздікті қамтамасыз етудің көлемді жоспарын жасап, оны Берлин кеңесінде ұсынды. Женева кеңесінде Совет Одағы, Кытай Халық Республикасы, Корея Халық-Демократиялық Республикасы және Вьетнам Демократиялық Республикасы Азияда бейбітшілік орнатып, оны баянды етуге, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтуға бағытталған көлемді шаралар ұсынды. Соңтін, халықаралық ынтымақты жолға қою үшін, халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету үшін жаңа мүмкіндіктер тудырылды.

Бұл мүмкіндіктерді пайдалану батыс державаларының билеуші топтарының жағдайды қандай дәрежеде реалистікпен бағалай алатындығына, бұл жағдайды қаншалықты түсінетіндігіне және бейбітшілікті баянды ету жолында — халықтардың мүдделеріне шын мәнісінде сай келетін осы бірден-бір жолда практикалық қадамдар жасауына байланысты.

(«Правданың» 3 июльдегі басмақаласынан).

в) астыңғы қабатта қамту қызметіне арналған үйлер мен санитарлық-техникалық жабдықтарға арналған үйлер.

5. Конкурсықа қатысушылар — Пантеонның жобаларын мынадай құрамда тапсырады:

негізгі жоспар	—көлемі 1:1000
қабаттардың жоспарлары	—көлемі 1:200
разрездері	—көлемі 1:200
фасадтары	—көлемі 1:200
үйдің сыртқы көрінісі мен (барлық	

Поляк жазушысы Леон Кручковскийге «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлық тапсыру

5 июльде Кремльдің Свердлов залында поляк жазушысы Леон Кручковскийге «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлық тапсырылды. Сыйлықты тапсыру салтанатына астананың жұртшылық ұйымдарының, Москва фабрикалары мен заводтары жұмысшыларының, ғылым, әдебиет пен искусство қайраткерлерінің өкілдері қатысты.

«Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлық жөніндегі комитет мүшесі жазушы И. Г. Эренбург Леон Кручковскийге лауреаттың дипломын және алтын медальін тапсырып, оны құрметті наградамен қызу құттықтады.

Бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті председателинің орынбасары кинорежиссер С. А. Герасимов, ССРО совет жазушылар одағы басқармасының секретары Б. М. Симонов, совет әйелдерінің Антифашистік комитетінің өкілі З. П. Троиц-

А. М. Горький және А. П. Чехов

Москвадағы Горькийдің музейінде Алексей Максимович Горькийдің жарқын өмірі мен тамаша творчествосын бейнелейтін өте бағалы көптеген материалдардың ішінде оның орыс мәдениетінің екінші бір аса көрнекті қайраткері Антон Павлович Чеховпен достығы туралы фотосуреттер, хаттар, документтер қойылған. Олар бір-бірімен 1899 жылы Ялтада танысты. Осы кездесудің құрметіне Антон Павлович Горькийге ескерткіш сөздер жазып, өзінің әңгімелер кітабын тарту етті. Көрме әйнегінің астында осы кітаппен қатар Чеховтың Алексей Максимовичке тарту еткен қалта сағаты жатыр.

«Сағаттың алтым, бұл үшін өте қуаныштымын, —деп жазды Горький қайтарған жауабында. — Антон Павлович, сізге рақмет, шын жүректен рақмет. Мен көшеде келе жатып, сіздер Чеховтың маған сағат тарту еткенін білесіздер ме деп айқайлағым келеді».

КОМБАЙНДАРДЫ ТОБЫМЕН ПАЙДАЛАНУ ӘДІСІ

БАКУ. (СОТА). Азербайжанның барлық жаңа аудандары егін орағына кірісуде. МТС-терде жұмысқа комбайндарды тобымен пайдалану жоғары өнімді әдісі қолданылуда.

Қази-магомед ауданының Сталин атындағы колхозының егіс дадаларында

сыйлық —мөлшері 20 мың сомнан және ынтылаңдыру ретінде берілетін он сыйлық —мөлшері 10 мың сомнан

9. Конкурстың нәтижелері және сыйлық берілген жобалар авторларының фамилиялары баспасөзде жарияланады.

10. Конкурс жюриінің құрамын ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитеті мен Москва қалалық Атқару комитеті бекітеді.

Пантеон салынатын жерді сыйпаттайтын материалдарды Москва қалалық Атқару комитетінен алуға болады.

қая және театр қайраткері Ю. А. Завадский құттықтау сөз сөйледі.

Бұдан кейін Леон Кручковский жауап сөз сөйледі.

—Менің үлесіме тиген үлкен награда, —деді ол, —мен үшін, қазіргі жазушы мен қоғамдық қайраткер басынан кешіретін, ең қуанышты оқиға болып табылды.

Бүгін, бұл жоғары награданы қабылдап тұрған кезде, сіздердің алдарыңызда, ұлы совет халқының өкілдері алдында маған мынадай уәде беруге рұқсат етіңіздер, қымбатты достар: өзімнің барлық күш және мүмкіншілігіммен мен өзіме берілген «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағын барынша жақсы және толық ақтау үшін аянбай еңбек етуге тырысатын боламын.

Леон Кручковский дүние жүзінің барлық халықтары арасындағы достық құрметіне ұран айтты.

Музейде автографы жазылған А. П. Чеховтың фотосуреті және оған Алексей Максимович ескерткіш ретінде берген фотосурет қойылған. Суретте өзінің кішкене ұлы Максиммен бірге түскен жазушыны көреміз.

Горькийдің «Мещандар» пьесасы жөніндегі А. П. Чеховтың өте сүйсініп айтқан пікірлері, Антон Павловичтің патша үкіметінің Горькийді құрметті академик етіп сайлаудан бас тартуына қарсы наразылық білдірген хаты, хаттардан үзінділер келтірілген.

А. П. Чеховтың қайтыс болғанына 50 жыл толуы қарсаңында А. М. Горькийдің музейі жаңа материалдармен толықтырылады. Екі ұлы жазушыға арналған көрме әзірленуде; олардың бүкіл творчествосы өмірді мадақтауға, адамға деген сүйіспеншілікке және оған сенушілікке толы еді.

(СОТА).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия аппаратының аудандық буынының қайта құрылуының кейбір нәтижелері

Аудандық партия комитетінің Полудень МТС-і аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобы 10 колхозды қамтыды. Топтың құрамында төрт нұсқаушы бар. Олардың әрқайсысы 3-4 колхозда жұмыс істейді. Мәселен, нұсқаушы Штундер жолдас Сталин атындағы, Тельман атындағы және «Красное знамя» ауылшаруашылық артельдерін қамтыды.

Топ қызметкерлері өзінің жұмысын МТС-тер мен колхоздардың экономикасымен терең танысудан, партия ұйымдарының құрамымен және кадрларды орналастыру жұмысымен танысудан бастады. Колхоздардың экономикасымен таныса келіп, колхоздардың басшы кадрларының іскерлік қабілеттерін, ондағы адамдардың санын білдік. Мұның өзі бізге кейбір колхоздарды ірілендірудің қажет екендігіне көмектесті. Өйткені, еңбекке жарамды адамдардың жеткіліксіз болуынан кейбір колхоздар өздеріне бекітіліп берілген жерді толық пайдаланбай келді. Сондықтан олардың табысы төмен болды. Мұның үстіне мұндай колхоздар тіпті егін жыйнау және басқа ауылшаруашылық жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыра алмады.

Мұнан басқа топ қызметкерлері Ленин атындағы колхоздың бұрынғы председатели Игнатенко, «Красная звезда», Чапаев атындағы колхоздардың бұрынғы председателдері Еременко және Климов жолдас-тардың колхозшылар алдында өздерінің беделін жоғалтып, колхоз өндірісіне басшылықты әлсіреткенін анықтады. Сондықтан, колхоз өндірісін жақсы білетін және бұқара алдында беделді адамдармен толықтыру қажет болды.

Колхоздарда есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарын өткізуге әзірлік кезінде аудандық партия комитетінің топ қызметкерлері артель шаруашылығына басшылық етудегі кемшіліктермен терең танысуға мүмкіншілік алды. Топ қызметкерлері есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарының мінбесін колхозшылар бұқарасына СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын кеңінен түсіндіру, жұмыстағы кемшіліктерді көрсету, оларды колхоздардың экономикасын күшейту және колхозшылардың материалдық тұрмысын жақсарту міндетіне жұмылдыру мақсатына пайдаланды.

Партия қызметкерлерінің жұмысындағы басты мәселе — бұқара арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмыс екені мәлім. Аудандық партия аппаратының қайта құрылуы, түрлі мәжілістердің қысқаруы, қағаз тасқынының азаюы аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі топ қызметкерлеріне өздерінің жұмыс уақытын тікелей колхоздар мен МТС-те, трактор және егіс бригадаларында өткізуге сөйтіп ауыл шаруашылығында жұмыс

Бірақ, есеп беру-сайлау жыйналысы өткеннен кейін бұл колхозда топ қызметкерлерінен бір адам қалып, оның жұмысына көмектесуге мүмкіндік болмады. Өйткені, бұл кезде топтың құрамы нұсқаушылармен толықтырылмаған еді. Мен басқа колхоздарда есеп беру-сайлау жыйналыстарын өткізуге көмектесуде болдым.

Ленин атындағы колхозға тек март айының басында ғана қайта оралуға мүмкіндік болды. Колхозға келгеннен кейін бірқатар қиындықтарға кездестім. Колхозда мал азығы 15 күнге жетпейді. Сондай-ақ, 800 центнер тұқым жетпейді. Оны сатып алу үшін артельде қаржы жоқ екен. Мұның үстіне колхоз мемлекеттік банкке 60 мың сомнан астам борышты. Колхоз малға сабанды турап бермеген, сүрленген шөпті пайдалануды ұмыт қалдырған. Күтіннің кемдігінен сауын сыйырлардың әрқайсысынан бес айда небары 220 литрден ғана сүт алынған. Осы кемшіліктердің бәрі жою жөнінде қажетті шараларды дереу жүзеге асыру керек болды.

Егер колхозда партия ұйымы болса, онда коммунистерді жыйнап, олармен мәселені шешу жөнінде кеңесуге болар еді. Бірақ, мұнда партия ұйымы жоқ. Сондықтан ең алдымен колхоз басқармасының мүшелері мен активтерді жыйнап, олармен істің жайын жақсарту жөнінде әңгімелесу қажет болды. МТС аймағындағы шаруашылықтарда егіс тұқымы соншалықты көп болмағандықтан біз бұл колхозға көмек көрсете алмадық. Тұқымды Ново-Георгиев МТС аймағындағы колхоздардан іздестіруге тура келді. Бұл жөнінде аудандық партия комитетінің Ново-Георгиев аймағы жөніндегі секретары Болдов жолдас зор көмек көрсетті. 800 центнер тұқым қарызға алынды.

Енді мал азығы жөніндегі қиыншылықты шешу керек болды. Малазығындық концентратты сатып алу үшін колхоздың автомашинасын біраз уақыт аудандық тұтынушылар одағына жалдауға тура келді. Қолда бар жеміш пен сабан және басқа мал азықтары ұқымталып, алдын-ала дайындалып берілетін болды. Мұның үстіне колхоз 200 центнер концентрат сатып алды. Бірнеше жылдан бері пайдаланылмай келе жатқан сүрленген шөптің орлары қазылды. Мал фермаларында жұмыс істейтін адамдар коммунистер мен комсомолдер есебінен толықтырылды.

Осының нәтижесінде қоғамдық малдың күтімі жақсарып, оның өнімділігі артты. Озат сауыншылардың және басқа да мал өсірушілердің еңбектегі өнегелері жөнінде өндірістік кеңестер өткізіліп, Фермадағы

атындағы колхоздарда көктемгі егістің барысы алғашқы кезде баяу болды. Сондықтан топ нұсқаушылары аталған колхоздарда болып, дала жұмыстарының қарқынын күшейту жөнінде қажетті шаралардың жүзеге асырылуын ұйымдастырды. Мәселен, Чапаев атындағы колхозда үгітшілердің әңгімелері, жауынгерлік лекторлардың мазмұны егіншілердің социалистік жарысын ойдағыдай ұйымдастыру мақсатына арналды. Бұл жөнінде нұсқаушы Марков жолдас үгітшілердің кеңесін өткізуге көмектесті. Ол колхозшы шаруалармен әңгіме өткізіп, лекция оқыды. Озаттардың жұмыс тәжірибелерін насихаттауға көмектесті. Осының нәтижесінде колхоз көктемгі егісті МТС аймағында бірінші болып аяқтады.

Көктемгі егіс жұмыстары аяқталғаннан кейін нұсқаушылар тобы бригадалар мен бригадалардың, колхоздар мен колхоздардың арасындағы социалистік жарыстың нәтижелерін тексеруді ұйымдастырды. Бұл жөнінде «Путь Ильича» колхозындағы партия ұйымы инициатива көрсетті. Мұнда көктемгі егіс кезіндегі социалистік жарыстың қорытындысы бригадалардың өндірістік жыйналыстарында, колхозшылардың жалпы жыйналыстарында талқыланды. Кәзір аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобы колхоз, МТС партия ұйымдарына СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жөнінде қажетті көмек көрсетуде. Біз жұмысты Пленум қаулысын колхозшылар мен МТС қызметкерлері бұқарасына кеңінен түсіндіруден бастадық. Кәзір әрбір елді пунктте, егіс бригадалары мен мал фермаларында, трактор отрядтарында үгітшілер СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы жөнінде дауыстап газет оқып, әңгімелер өткізіп жүр. Ауыл-село активтерінің күшімен Пленум қаулысы жөнінде колхозшылар алдына саяси баяндамалар жасалуда. МТС қамтуындағы колхоздарда пар жырту, шөп шабу жұмыстарының қарқыны соңғы бескүндікте анағұрлым артты. Біз ауылшаруашылық қызметкерлерінің өндірістік белсенділіктерін арттыру мәселесіне әрқашан ерекше назар аударып беруді өзіміздің басты міндеттеріміздің бірінен санаймыз.

Нұсқаушылар тобы өзінің жұмысында әлі де бірқатар қиыншылықтарға кездесіп жүр. Біз колхозшы шаруалардың талабын толық қанағаттандыра алмай келеміз. МТС аймағындағы колхоздарда партия ұйымдары құрамының озат адамдар есебінен толықтырылуы мүлдем жеткіліксіз. Кейбір колхоздарда партия ұйымдары жоқ. Әрбір колхозда партия ұйымының болуын қамтамасыз ету, оның құрамын нығайту, кәзіргі басты міндет-

Комбайншылар, егіннен мол өнім алу күресінің алдыңғы сапында болыңдар!

Облыс комбайншылары ставропольдіктердің шақыруына үн қосуда



Образцовая МТС-і комбайн жөндеуді қызу қарқынмен жүргізуде.
СУРЕТТЕ: комбайншылар Құрманш Жәкыпов пен Көкшіл Тілеубергенов үшінші комбайнды жөндеуде.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

14 мың центнер астық бастырамыз

Мен басқарған комбайн агрегаты Интернационал МТС-нің қамтуындағы Чкалов атындағы колхозда (Мамлют ауданы) быыл бесінші жыл жұмыс істейді. Агрегатта екі «Сталинец-6» комбайны бар. Өткен жылы тіркеудегі бұл екі комбайнмен біз 1546 гектар дәнді дақылдар егінін орып, 12800 центнер астық бастырдық. Егін орағы аяқталысымен комбайнды МТС-тің орталығына жеткіздік.

Бізде быыл комбайн жөндеу жұмысын өткен жылғыдан ерте басталды. Комбайндарды жөндеуге агрегат мүшелері түгелінен қатысып, өнімді еңбек етті. Осының нәтижесінде аз күн ішінде агрегаттағы комбайнның екеуін де сапалы жөндеуден өткіздік. Комбайндарды жөндеп болғаннан кейін оның механизмдерінің жұмысқа жарамдылығын екі рет тексердік. Тексеруде байқалған ақауларды жойдық. Кәзір комбайндарымыз, сол сыяқты, сабан жыйнағыштар сапалы жөнделіп, егін жыйнауға әзір тұр.

МТС дирекциясы мен колхоз басшылары біздің агрегатты қамтуға алдыңғы қатарлы және іс тәжірибелері мол адамдарды бөлді. Жакында агрегат мүшелері СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын талқылады. Олар Пленум қаулысы

ұйымдастыра білу қажет. Біз агрегатпен тәулігіне 14-15 сағат жұмыс істейміз. Тәңертенгілікте егін сабағының дымқыл болатындығын еске алып, агрегат бірінші жылдамдықпен жұмыс іткізеді. Күндізгі сағат 12-дең, кешкі сағат 19-ға дейін үшінші жылдамдықпен, ал, бұдан кейінгі уақытта екінші жылдамдықпен жұмыс істейміз. Комбайнды жұмысқа былай пайдаланудың тиімді болатындығын біз өткен жылдардағы тәжірибемізден айқын көріп келеміз.

Егін жыйнау кезінде астықтың ысырап болуына жол бермеу үшін егіннің қолығына, сабағының биіктігіне және ауа райының жағдайына қарай комбайндардың кейбір механизмдеріне өзгерістер енгізіп отырамыз. Мұнымен бірге быылғы жылы егінді тек төмен шабуды ұйғарып отырмыз. Комбайннан қырманға түсетін астықтың таза болуы үшін екінші астық тазартқышты едәуір жақсарттық. Мұның өзі астықтың ысырап болуын жойып қана қоймайды, сонымен бірге қырмандағы астық тазартушылардың еңбегін едәуір жеңілдетеді. Комбайндармен жатып қалған егінді шабуға да болатындай етіп оған керекті кейбір өзгерістер енгізуге әзірлік жасалды.

Игілікті бастаманы қызу қостаймын

Еліміздің еңбекшілері СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын зор саяси және еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Егіншілер үшін рухтанғандық сезім берген бұл қаулының аса зор әсері ставропольдік комбайншылардың патриоттық ынтыасын арттыра түсті. Бұған олардың еліміздің барлық комбайншыларына жазған хаты айқын дәлел бола алады. Егін жыйнау кезінде механизаторлардың, әсіресе, комбайншылардың жауапкершілігін айқын сезінген олар егін орағы кезінде күнделік тапсырманы асыра орындау үшін, жыйналған астықтың жоғары сапалылығы үшін социалистік жарысты кең өрістетуге шақырды.

Ставропольдіктердің игілікті бастамасын талқылау үшін жыйналған біздің МТС-тің комбайншылары бұл бастаманы қызу қолдады. Сонымен бірге өздеріне көтерілкі міндеттемелер алды.

Мен өткен жылы егін орағы кезінде 38 жұмыс күні ішінде «Сталинец-6» комбайнымен 691 гектар жердің егінін жыйнап, бір центнерден астам жанар және жағар майлар үнемдеген болатымын. Сөйтіп, күнделік тапсырманы 10 гектар орнына, 18,2 гектар етіп орындауға жетіскемін.

Быйылғы жылы мен Асанов МТС-нің қамтуындағы Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелинің егін даласында еңбек ететін боламын. Игілікті бастама менің Отан алдындағы өз жауапкершілігімді оған әрі арттырып, еңбекте жаңа табыстарға жігерлендіріп отыр. Сондықтан да мен ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің быйылғы жыл сыяқты аса маңызды кезеңінде «Сталинец-6» комбайнымен қысқа мерзім ішінде 800 гектар жердің егінін орып, екі центнер жанар және жағар май үнемдеуге міндеттеніп отырмын.

Менің бұл міндеттемені аброймен орындауға толық мүмкіншілігім бар. Кәзірдің өзінде өзін жұмыс істейтін комбайнды толық жөндеуден өткіздім. Комбайнның жөндеу сапасы да өте жақсы деп бағаланды. Сол сыяқты, МТС және колхоз басшылары менің өнімді жұмыс істеуім үшін қажетті материалдық және мәдени жағдайды толық жасап отыр.

Менімен социалистік жарысқа түскен комбайншы Томас Лаврентий де өткен жылы егін орағы кезінде күнделік тапсырманы 1,5 есе ден орындап, көптеген жанар, жағар майларын үнемдеген еді. Быйылғы маусымда ол 800 гектар егін жыйнауға міндеттеніп отыр.

Егін орағы кезінде біздерге көрсетіліп

істейтін адамдармен байланысты күшейтуге мүмкіндік берді.

Ленин атындағы колхоз МТС аймағындағы ірі шаруашылықтардың бірінен саналады. Бұл шаруашылықтың бұрынғы председатели Игнатенко маскүнемдікке салынды, мал азығын дайындау жөнінде өтірік мәлімет беріп, колхозшыларды, мемлекетті алдады. Осының зардабынан колхоздың экономикасы әлсіреген. Мұны мына фактіден айқын көруге болады. Өткен жылы колхозда дәнді дақылдардың өнімі аз болды. Товарлы сүт фермасынан жыл бойы небары 400 мың сом ғана табыс алынды. Колхозшылардың еңбеккүндеріне екі килограммға жетпейтін астық және 33 тыйыннан ғана ақша бөлінді. Әрбір сауын сыйырдан алынған сүт 1300 литрден аспады. Әрбір қойдан орта есеппен 1,7 килограмм ғана жүн қыркылды. Колхозда 33 колхозшы тиісті еңбеккүн таппады. Ауылшаруашылық артелінің пайдалануындағы жердің бір гектарынан небары 58 сом ғана табыс алынды.

Есеп беру-сайлау жыйналысында колхозшылар Игнатенконы колхоз председателдігінен босатып, оның орнына трактор бригадасының бұрынғы бригадирі Вильвер жолдасты сайлады.

Көрмеге экскурсияға бару тәртібі

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне келушілерге қызмет көрсету қалай ұйымдастырылмақ? Көрменің экскурсия бөлімінің бастығы Быкова жолдас СОТА-ның тілшісіне бұл жөнінде мынаны хабарлады:

—Көрме күн сайын 100 мыңға жуық адамды қамтый алады. Быылғы жылы колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің, ғылыми-зерттеу мекемелерінің және жас натуралистердің үш жүз мың өкілдерін шақыру белгіленіп отыр. Көрмеде күн сайын 15 мыңнан аса экскурсанттар болады деп жорамалдануда. Жергілікті жерлерде өсімдік шаруашылығы мамандарының, малшылардың, механизаторлар мен басқа да мамандардың топтары іріктеліп алынуға тиіс.

Экскурсанттарды көрмеге республикалардың Министрлер Советі, өлкелік және облыстық атқару комитеттері жібереді. Әрбір топта 25—40 адамнан болуы керек. Көрмеге шақырылғандарға «экскурсиялық жолдам» беріледі. Жолда жұмсалатын шығынды экскурсантты жіберген ұйым төлейді. Колхозшыларға, мұнымен бірге, көрмеге барған уақыт үшін жылдық орташа мөлшер есебінен еңбеккүн жазылады.

Москваға келіп, қайту үшін арнаулы вагондармен, самолеттермен және су транспортымен қамтамасыз етіледі. Қонақтарды қарсы алу үшін Москвада вокзалдарда, аэродромдар мен пристаньдарда көрменің өкілдерінен тәулік бойына кезекшілер тағайындалады. Астанада экскурсанттарға жатақхана және транспорт

Кант кәсіпорындары жаңа маусымға әзірленуде

ЖАМБЫЛ, (ҚазТАГ). Облыстың кант кәсіпорындары қызылша өңдеудің жаңа маусымына әзірленуде. Быыл сол өндіріс алаңынан өнім шығаруды 4 есе арттыру қарастырылған.

Жамбыл облысында техникалық 26 жа-

лі ұйымдастыру мақсатына бағытталды.

Бұл шаралар көп кешікпей-ақ өзінің тиісті нәтижесін берді. Қысқы маусымда сауын сыйырлардың құнарлылығы күніне үш-төрт литрден артты. Қазір колхоз күн сайын мемлекетке 2,5 тонна сүт береді.

Осы колхозда болғанда озат мал өсірушілердің тәжірибелері жазылған әдебиеттер пайдаланылмай, председателдің кабинетінде, шаң басып жатқанын байқадық. Кешкілікте колхоз басқармасының кеңесіне активтер жыйналғанда мен оларға мал шаруашылығының озаттары жөніндегі әдебиеттерді бір-екі-үш рет оқып, бұл жөнінде фермадағы адамдар арасында жұмыс істеуді ұсындым. Осыдан кейін колхоз активтері еліміздің озат мал өсірушілерінің жұмыс тәжірибелерін өздері оқумен бірге, оны басқаларға да оқуды әдетке айналдырды. Колхоз шеберлерінің инициативасы бойынша мал азығын буландырып жасалды.

Көктемгі егіске әзірлік және оны өткізу кезінде партия тобының қызметкерлері бұқара арасындағы жұмысқа ерекше назар аударды. Сталин атындағы, Чапаев атындағы, Аманжол атындағы, Киров

тердің бірі болып отыр.

МТС аймағындағы Ленин атындағы, Ворошилов атындағы колхоздарда партия ұйымдары жоқ. Сондықтан, нұсқаушылар тобы аудандық партия комитетінің алдына бұл колхоздарға түрлі ұйымдар мен мекемелерден тұрақты жұмысқа коммунистерді жіберу арқылы оларда партия ұйымдарын құруды ұсынып отыр. Өйткені, жоғарыда аталған колхоздарда тек ауылшаруашылық озаттарын партия қатарына қабылдау есебінен ұйым құру жұмысы ұзаққа созылатыны мәлім. Әріне, бұдан колхозшы шаруаларды партия қатарына қабылдау жөнінде жұмыс жүргізбеу керек деген ұғым тұмайды.

Партия ұйымдары бар колхоздарда басқа жағдай. Бұларда партия ұйымының қатарын еңбекте өнеге көрсеткен колхозшылар есебінен толықтыру үшін мүмкіндік мол. Әңгіме партия ұйымдарының озат колхозшылармен жұмыс істеуінде болып отыр.

Г. ВОСИПЕНКО,

ҚКП Полудень аудандық комитетінің Полудень МТС-і аймағы жөніндегі секретары.

ССРО тұтынушылар кооперациясының съезі

3 июльде ССРО тұтынушылар кооперациясы уәкілдерінің IV съезінің мәжілісі Кремльдің Үлкен сарайында өтті.

Съездің күн тәртібінің екінші пункті: Орталық тұтынушылар одағының 1954 жылғы 1 январьдағы балансын бекіту және баланс бойынша тексеріс комиссиясының қорытындысы талқыланды. Баяндамашылар Г. А. Бокков және И. Т. Нефедов жолдастар Орталық тұтынушылар одағының барлық сауда басқармаларының 1953 жылдың товар айналымы және кіріс жоспарларын орындағандығын хабарлады. Одан бұрынғы жылмен салыстырғанда товар айналымы 18,7 процент артты.

Баяндамашылар және жарыссөзге шығып сөйлеген делегаттар бас басқармалардың жұмысындағы бірқатар елеулі кемшіліктерді атап көрсетті.

Съезд Орталық тұтынушылар одағының 1954 жылғы 1 январьға жасалған балансын 213,5 миллион сом кірісімен, үш миллиард сомға жуық мөлшерде бекітті.

Бұдан кейін съезд РСФСР тұтынушылар қоғамының одағын (Россия тұтынушылар одағы) құру жөнінде қарар қабылдады, оған тұтынушылар кооперациясының барлық ұйымдастыру, сауда, финаншаруашылық және дайындау жұмыстарына басшылық етуді жүктеді.

Россия тұтынушылар одағына, сол сияқты, РСФСР тұтынушылар кооперациясы ұйымдарының барлық қорларын, товарларын жоспарлау, бөлу және тарату жүктеледі. Съезд Орталық тұтынушылар одағының Басқармасына РСФСР тұтынушылар кооперациясының республикалық ұйымдастыру съезін шақыруды тапсырды.

Съезде ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары, ССРО Сауда министрі А. И. Микоян ұзақ сөз сөйледі.

5 июльде съезд өзінің жұмысын жүргізе берді.

(СОТА).

ның социалистік ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету беру жолындағы біздің күресімізге көмектесетінін және әресе, комбайн агрегаттарының мүшелері үшін егін ору жұмысының іс программасы екенін айтты. Біз ставропольдіктердің еліміздің барлық комбайншыларына арнап жазған хатын оқып, оған қызу үн қостық. Өзіміздің күш-мүмкіншіліктерімізді есептей отырып, быыл қысқа мерзім ішінде кемінде 1500 гектар дәнді дақылдар егінін жыйнауға, сөйтіп, одан 14 мың центнер астық бастыруға көтеріңкі міндеттеме алдық. Бұл міндеттемені орындауға қажетті шараларды белгіледік.

Комбайнның қуатын толық пайдаланып, онымен егінді мол жыйнау үшін оған техникалық күтімді кезінде жасаумен бірге, жұмысқа дұрыс пайдалануды

Комбайндарымыз әзір

Мен Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың егіс даласында бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келемін. Өткен жылы бұл колхозда 35 жұмыс күні ішінде «Сталинец—6» қос комбайнымен 1447 гектар егін орып, 14350 центнер астық бастырдым. Быыл да комбайндарымыз егін жыйнауға жақсы әзірледім.

Алайда, іс мұнымен ғана бітпейді. Егін жыйнауға еңбек өнімділігін арттырудың басты шарттары —комбайнды жоғары техникалық күтімде ұстау, оны жұмысқа толық қуатымен қосу, сөйтіп, егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнаудың барлық шараларын мұлткісіз жүзеге асыру. Біз, міне, осы шараларды жүзеге асыруды ескеріп, комбайндарымызды колхоздың жер ыңғайына, егін шытымына қарай дайындап отырмыз.

Ставрополь өлкесі Петров МТС-і комбайншыларының шақыруын қызу қуаттай отырып, мен быылғы жылы «Сталинец—6» қос комбайнымен 1500 гектар жердің егінін жыйнап, кемінде 15 мың центнер астықты бастыруға міндеттендім. Мұнымен бірге комбайндарды техникалық күтімде ұстау, жұмсалатын барлық жанар, жағар майларының 5 процентін үнемдеуді ұйғардым.

Бұл міндеттемелерді аброймен орындау үшін агрегаттың күн сайын өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етемін. Күніне кемінде 16-18 сағат егін жыйнаймын.

ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының комбайншылары Ставрополь облысы, Петров МТС-і комбайншыларының хатын зор еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Бұл хат механизаторлардың басқосқан жыйналысында талқыланды. Мұнда комбайншылар ставропольдіктердің бастамасын шын жүректен қуаттап, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды.

Совхоздағы таңдаулы комбайншылардың бірі Ефим Дмитриевич Хрущев жолдас. Ол 13 жыл бойы үзбей комбайншы болып, өз жұмысында айтарлықтай табыстарға жетісіп келеді. Хрущев жолдас өзінің «Сталинец—6» комбайнын жөндеуден өткізгенді бір аптадан асты. Қазір ол совхоздың механигімен бірлесе отырып, екі комбайнды жүгері, күнбағыс оруға ыңғайлап, қайта жасады.

МТС басшылары өзінің агрегатты қамтуға жеткілікті мөлшерде автомашинна бөліп отыр. Машинадан астықты жүріп бара жатқанда қотаратын боламыз. Мұның өзі жұмыс уақытын үнемді пайдалануымызға қолайлы жағдай жасайды.

Біздің комбайндарды сапалы жөндеуден өткізумен бірге, оны егін оруға пайдалануға қолданып отырған әдістеріміз алған міндеттемемізді аброймен орындауымызға мүмкіншілік береді. Агрегат мүшелері өздеріне алған көтеріңкі міндеттемелерін сөзсіз орындау жүресінде барлық күш-жігерін, білімін және қабілетін аямай жұмсайтын болады.

П. ПОНОМАРЕВ,

Интернационал МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері.

Отардан зор еңбекпен алдымен өнімділігін сезіне отырып, біз Отан алдында берген өзіміздің бұл міндеттемемізді аброймен орындап шығу жолында барлық күш-мүмкіншілігімізді аябай жұмсайтын боламыз. Өйткені, біздің барлық жігеріміз, бүкіл совет адамдары сияқты партия мен үкмет көзгірі уақытта келеді мәселе етіп алға қойып отырған міндеттерді орындау мақсатына арналған. Сөйтіп, біз де ставропольдіктерге үн қосамыз.

П. ЛЕВЛЮХ,

Асанов МТС-нің комбайншысы.

Отан игілігі үшін

Булаев МТС-інде комбайншы болып істегеніме көп жыл болды. Бұл менің таңдап алған мамандығым еді. Сондықтан да комбайнда жұмыс істеуді өте жақсы көремін.

Бұл жұмыста едәуір тәжірибеге де ие болдым. Егін жыйнау маусымында жыл сайын маусымдық тапсырмалды екі есеге дейін орындап жүрмін. Менің бұл еңбегімді партия мен үкметіміз зор бағалап, 1951 жылы мені жоғары наградамен — Ленин орденімен наградтады. Бұл менің Отан игілігі үшін бұрынғыдан да еңбек өнімділігін арттыра беруіме рухтандырды.

Бұрнағы күні Ставрополь өлкесіндегі Петров МТС-і комбайншыларының еліміздің барлық комбайншыларына жазған хатын радио арқылы естідім. Одан кейін бұл хат жарияланған газетті де оқыдым. Ставропольдіктердің бұл шақыруы, сөз жоқ, комбайншылардың еңбекке деген патриоттық ынта-жігерін арттыра түседі. Олардың бұл шақыруы әрбір комбайншының Отан игілігіне келеді үлес қосуына жетісуге бағытталған.

Мен жыл сайын «Новый путь» колхозында (Булаев ауданы) егін жыйнап келемін. МТС басшылары быыл да мені осы колхозға тағайындап отыр. Колхоздың егінді жақсы өсіп келеді. Біздің міндетіміз —оны ешқандай ысырапқа ұшыратпай, кезінде жыйнап алу. Колхоздың мемлекетке сапалы астықты мол тапсыруын қамтамасыз ету. Әріне, біздің агрегаттың мүшелері бұл абройлы міндетті мінсіз орындап шығады.

Менің комбайным — «Сталинец—6». Комбайнымда бірқатар жөндеу керек еді. Быыл жөндеу жұмысын ерте қолға алғандықтан, оны сапалы жөндеуден өткіздім. Қазір комбайным егін жыйнауға барлық жағынан әзір. Бұл күндері мен басқа комбайншылардың комбайндарын жөндеуге көмектесуемін.

Ставропольдіктердің шақыруына үн қоса отырып, мен быыл өз комбайныммен 700 гектар егін орып, 10500 центнер астық бастыруға міндеттеме қабылдап отырмын. Бұл міндеттемені толық орындап шығуға бізде керекті мүмкіншіліктердің барлығы да бар. Маған колхоз басқармасы мен партия ұйымы жыл сайын зор қамқорлық жасап, тиісті көмек көрсетіп келеді. Быыл да колхоз басқармасы мен партия ұйымы және бүкіл колхозшылар жылдағыдай жақсы көмек көрсетеді деп сенемін.

М. ХАМЕНКО,

Булаев МТС-нің Ленин орденді комбайншысы.

Новопавловтықтардың шақыруына жауап

Ауыл-селоларды көркейту—аса маңызды міндет

Құрылыс жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізудеміз

Материалдық әл-ауқаты күннен-күнге артып отырған біздің ауылшаруашылық әртелі мүшелерінің мәдени тілегі де өскелең. Колхоздың еңбек даласында ауыл шаруашылығын өркендету жолында қызу қарқынмен қажырлы еңбек етіп жүрген олар көзгі уақытта шын мәнінде ауқатты және сәулетті тұрмыстың иесі болулы. Ал, колхоз шаруашылығының мықтап өркендеуі қоғамдық құрылыстарды көбейтуді, ауыл-селоларды көркейтуді қажет етіп отыр.

Артель мүшелерінің бұл орынды қажеттерін өтеу үшін біз қолда бар мүмкіншіліктерді толық пайдаланудамыз. Әсіресе, Петропавл ауданындағы Новопавлов селолық Советінің қамтуындағы колхоздардың ауыл-селоларды көркейте беру жөніндегі игілікті бастамасы біздің колхозда қызу қолдау тапты. Біз елді пунктті көркейту жөнінде өзімізге бұрынғыдан да көтеріңкі міндеттемелер алып, оны жүзеге асыруға қызу кірістік.

Біздің колхозда өткен жылы құрылыс бригадасы қысы-жазы жұмыс істеген болатын. Соның нәтижесінде селода қоғамдық мал үшін көптеген қора, колхозшылар үшін тұрғын үйлер және қоғамдық орындар салынды. Бұл бригаданың құрылысшылар күресін бітірген колхозшы Быков жолдас басқарды. Бригада құрамында 18 адам болды.

Быйылғы жылы біз бригаданың құрамын 42 адамға дейін өсіріп, олардың тұрақты пайдалануы үшін 4 ат, 10 өгіз бөлдік. Құрылыс бригадасының мүшелеріне қолдарынан іс келетін шебер колхозшылардан таңдалып алынды. Көзіріңд өзінде олар балалар яслиі үшін 30 адамдық жаңа үй, радиоторабы үшін арнаулы орын, 200 тонна сыятын астық сақтағыш қойма, 5 машинаға лайықталған автомобиль гаражын салып бітірді. Сонымен қатар, қоғамдық мал үшін барлығы 800 бас мал сыятын 4 стандартты жаңа қораның құрылыс жұмыстары да аяқталды.

Елді пунктті көркейтуде колхозшылар үшін тұрғын үйлер салудың маңызы аса зор. Сондықтан да бригада мүшелерінің бір тобы көзіріңд озат колхозшылар үшін үй салуға кірісті.

Біздің артерде құрылыс жұмыстарының негізгі материалдары жергілікті жерден табылады. Бізде негізгі құрылыс материалы—саман. Оны дайындау жұмысы селонның өзінде жүргізіледі. Әсіресе, село жаңындағы ойпаңдардағы сазды ақ балшықтар саман кірпіштерін жасауға өте қолайлы. Құрылыс бригадасының бригадирі Быков жолдасының басшылығымен саман кірпіштерін дайындау ісі бізде жүзеге келіп тұрды.

Айта кететін бір жағдай, саман кірпіштерін дайындау, әсіресе, оларды кептіру өте көп уақыт алады. Саман кірпіштерін



Ленин ауданының орталығы Явленна селосы жылдан-жылға көркейе түсуде.

СУРЕТТЕ: аудандық партия комитетінің жаңа салынған үйі. Суретті түсірген А. Розенштейн

КӨРКЕЙГЕН СЕЛОЛАР

Бір кезде тар көшелі, жаппа үйлі, көлемі де көзге қораш болып көрінетін Қарақоға поселкасының көзгі бейнесі мүлдем өзгені. Қажырлы еңбектерінің нәтижесінде ауқатты тұрмыс пен сәулетті өмір қожасы болып отырған аудан еңбекшілерінің материалдық әл-ауқаты мен мәдени тұрмысы да күн асқан сайын көркейе түсуде. Олардың өскелең мәдени тілегін қанағаттандыру үшін мемлекет жыл сайын миллиондаған сом қаржы бөліп, мәдени-ағарту мекемелерін салу үшін қымбат бағалы құрылыс материалдарын босатуда. Осының нәтижесінде селонның құрылысы да өзгерді. Тек қана соңғы үш жылдың өзінде мұнда Мәдениет үйі, электр станциясы, 10 мекеме кеңсесі және жалпы көлемі 400 шаршы метрлік тұрғын үйлер салынды.

Селода тұратын көптеген жұмысшылар мен қызметкерлер өздерінің жеке меншіктері үшін көптеген сәулетті үйлер салып алды. Ал, быйылғы жылы мұндай үйлер салушылар саны ондап саналады. Сол сыяқты, аудан орталығында салынып жатқан мәдениет магазинінің, аудандық тұтынушылар одағы, Чистян селолық тұтынушылар қоғамы кеңселерінің үйлері және коммуналдық шаруашылық салып жатқан үш тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде.

Бұдан аз уақыт бұрын Ленин, Комсомол және Совет көшелерінің бойында бос тұрған жерлер өте көп болатын. Көзіріңд бұл алаңдарда жаңа құрылысты тұтас кварталдар пайда болды.

Селодағы Мәдениет үйі шын мәнінде мәдениет орталығы дәрежесінде болып отыр. Мұнда күн сайын дерлік көп адамдар жыйналған сауық кештері, концерттер

өтіп отырады. Шырқалған ән, көңілді би де осында. Колхозды селодан аудан орталығына жыйналған көркемөнерпаздар үйірмесінің шеберлері мұнда апта сайын өз өнерлерін ортаға салып, халық сынын күтеді.

Мәдениет үйінің жұмыс жоспарының орындалу барысымен танысу бұл мекеменің өз міндетін ойдағыдай атқарып отырғандығын айқын аңғартады. Саяси, ғылыми және әдеби тақырыптарда лекциялар оқу, концерттер қойып, кино көрсету, сол сыяқты, кітап оқушылар конференциясын өткізу, түрлі тақырыптарда көрмелер ұйымдастырып, ауданның экономикалық және мәдени өмірін көрсететін фотомонтаждар мен витриналар жабдықтау, тағы басқа осы сыяқты мәдени-ағарту жұмыстарының алуан түрлі шараларын іске асыру бұл Мәдениет үйі коллективінің жұмыс әдетіне айналған.

Конюхов ауданында мұндай барған сайын көркейіп келе жатқан селолар ондап саналады. Бұған мысал ретінде Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің № 1 бригадасы — Ортақшыл ауылын алуға болады. Тек быйылғы жылдың өзінде бұл колхозда 15 колхозшы өздеріне жаңадан үйлер салып алды. Ауыл көркі де бұрынғыдан әлде қайда өзгерген. Ал, осы аудандағы Лебяжье селосында жаңа клуб үйі және көптеген тұрғын үйлер салынды.

Әулетті тұрмыс, сәулетті өмір, міне, бұл село еңбекшілерінің көзгі үлесі. Ал, бұл көрініс барған сайын көркейе беретін болады.

Ж. МАКЕНОВ,

Конюхов ауданы.

Булаев ауданында

Жаңа спорт қоғамы

Жаңа ұйымдастырылған Маленков атындағы астық совхозында «Урожай» ерісті спорт қоғамы құрылды. Қоғамның 60-тан астам мүшесі бар. Совхоз дирекциясы спорт киімдерін және басқа керек-жаракты алуға қаражат бөліп, совхоз спортшыларын спорт құралдарымен қамтамасыз етті.

Қосымша ақыға 12 бұзау,

4 торай берілді

Коминтерн атындағы колхозда жыл сайын қоғамдық малдың басы өсіп, оның өнімділігі артып келеді. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде колхоз малышылары қажырлылықпен еңбек етіп жүр. Солардың бірі бұзау бағатын Л. Козинская және М. Татаринова жолдастар. Оларға өздеріне бекітіліп берілген 30 бұзауды қонды, аман өсіргені үшін колхоз басқармасы қосымша ақыға бір-бірден бұзау берді. Сол сыяқты, Л. Прес, А. Мерещниченко жолдастар да қосымша ақыға бір-бірден торай алды. Колхоз бойынша малышыларға қосымша ақыға 12 бұзау, 4 торай берілді.

Жаңа интернат

Возвышин совхозындағы орта мектептің жанынан қоғамдық интернат салынып жатыр. Құрылысшылар жаңа интернатты алдағы оқу жылына дейін аяқтауды көздеп отыр. Бұл интернат Возвышин совхозымен бірге жаңа ұйымдастырылған Жданов атындағы совхозды да қамтитын болады.

Радио торабы

Ленин атындағы іріленген колхоздың орталық усадыбасында жаңа радио торабы салынып жатыр. Колхозшылардың үйіне 40 радиоточка орнатылды. Ал, жоспар бойынша 90 радиоточка орнату белгіленіп отыр. Енді аз уақыттан кейін радио торабы жұмысқа қосылады.

Пионер лагері

Ауданда үш пионер лагері бар. Онда Чистов, Совет, Узынқол, Қарағанды, Возвышин совхоздарының және Конюхов ауданының 104 оқушысы дем алуға. Екінші маусымда бұл лагерлерде 100 оқушы дем алатын болады. Сол сыяқты, аудан орталығындағы лагерьде 60 бала, балалар үйінде 120 бала дем алып, өздерінің жазғы демалыстарын көңілді өткізуде.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Бір құрылыс мекемесінің жұмысындағы кемшіліктер

Савран жолдас бастық болып істейтін құрылыс-монтаж мекемесі бірнеше жылдан бері құрылыс жоспарын орындамай келеді. Үстіміздегі жылы 5 айдың жоспарын 58-ақ процент орындады. Бұл құрылыс мекемесі Асанов МТС-і мен электр поезының құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Ал, Октябрь ауданындағы 3 миллион сом қаржы бөлінген Москворецкий совхозының құрылысына күні бүгінге дейін кіріскен жоқ. Тұрғын үйлер мен өнеркәсіп орындарының осы мекеме жүргізетін құрылысы толық тоқтатылуға жуық.

Құрылыс мекемесінің басшылары үстіміздегі жылдың 4 айының ішінде 390 мың сом зиян тартты. 5 айдың ішіндегі орындалған жұмысты әрбір құрылысшыға есептесеңде әрбір жұмысшы өзіне берілген тапсырысты 87 проценттен ғана орындаған болып шығады.

Құрылыс мекемесі жұмысшы күшімен жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген. Құрылыс материалдары жеткіліксіз. Мәселен, әк, ағаш, тас сыяқты құрылыс материалдарының жеткіліксіздігі күн сайын сезіледі. Алайда, осыған қарамастан қолда бар құрылыс материалдарын сақтау және оны пайдалану бейше жесірдік күшті. Үй қабырғаларына керекті материалдар жетпей тұрса да мұнда кірпіш сынықтарынан аяқ алып жүргізіс. Ал, бүгін кірпіштер құрылыстың ұсақ қажеттеріне пайдаланылады.

Құрылыс материалдарын тасымалдау, сақтау, ұқыпты пайдалану үшін күрес жоқ. Мәселен, цемент көз мөлшерімен алынып, бей-берекет жұмсалады. Оның үстіне сақтауы нашар, ысырабы көп.

Құрылыс мекемесінің қызметкерлері мен жұмысшылары құрылыс материалдарын үнемдеу жүресіне тартылмаған, материалды жұмсау мөлшерімен олар таныс емес. Материалдарды жұмсау тәртібіне бақылау тағайындамаған. Құрылыс материалдарын ысыраппа салушылар мен қатан жүрес жүргізілмейді. Ал, есен жұмысшымен айналысушылар ысыраптың себептерін анықтамай, айыпты адамдарды әйгілеместен ысырап жасаушылардың мемлекетке келтірген шығындарын есептен он-оңай шығарып тастай беріп беттері шімірікпейтін көрінеді. Мәселен, Асанов МТС-нің құрылысында ысырап болған құрылыс материалы бірнеше есе көбейді. Май айының ішінде рублионд ысырабы 375 процент, цемент—150, толь—155, құм—200 процентке жетті.

Бұл құрылыс мекемесінің басшылары жіберіліп жатқан материалдың қайда, қалай ұсталып жатқанын білмейді. Олар ма, құрылыс мекемесінің басшылары қамсыздандыру бөліміне, прорабтарға материалды лимиттен артық бере беруге бұйырған. Ол босатылған материалдар есепке алынбайды. Мұнда қымбатпен шектесетін бір кемшілік—босатылған материалдар тіпті қажетіне жұмсалмай жете жатқандығында.

Құрылыс-монтаж мекемесінің өзіне жүктелген міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға мекеменің техникалық жазуға

мекеменің бас механигі жоғарыда көрсетілген механизмдерді пайдалануға болмайтындығын дәлелдеуге тырысады. Бас инженер Давидов жолдас механизмдерді өндіріске пайдаланудан мүлдем бейшылған.

Еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механизациялау ісін мекеме басшылары қолға алмай отыр. Жүк тиеу, материалдарды жұмыс орынына тасымалдау қол күшімен атқарылады. Жұмыстың шапшаңдатылған әдістері қолдау таппайды, сондықтан ол көпшіліктің игілігіне айналдырылмайды.

Еңбек өнімділігін арттыру, жаңалық тапқыштардың ұсыныстары басшылар тарапынан қолдау таппай келеді. Мұнда тіпті жаңалық тапқыштардың бюросы да ұйымдастырылмаған. 1954 жылдың ішінде бірде-бір жаңалық тапқыш ұсыныстың өндіріске енгізілмегендігі, өндіріс озаттарының іс-тәжірибелеріне қорытынды жасалмағандығы жұртшылықты таңқалдыратын жағдай.

Құрылыс мекемесінің ашиаратқа басшылық жасау етілі де ерекше атап өту қажет. Мекеменің бірде-бір бөлімі жұмыс жоспарын жасамаған. ай ішінде істеген жұмысы туралы жарты жылдың ішінде есеп бермеген. 1954 жылға жасалған ұйымдастыру-техникалық шаралар өте жеткіліксіз, ол көзіріңд заманның құрылыс талаптарына сәйкес жасалмаған, өндірістің шапшаңдатылған әдістері көрсетілмеген.

Құрылыс мекемесінің басшылары құрылыс орындарын перспективалық жоспарсыз жүргізеді, бекітілген календарлық график жоқ. Мұнымен қатар құрылыс-монтаж жұмыстары технологиялық карталарсыз, құрылыс технологиясының принциптеріне қайшы жүргізіледі.

Жұмысшылар арасында еңбек тәртібі нашар ұйымдастырылған. Жеке жұмысшылар мен жеке құрылыс бригадаларының күнделікті тындырған жұмыстарына қорытынды шығарылмайды.

Қолға алынған құрылыс жұмыстарының басталу, аяқталу мерзімі жоспарланбағандықтан жұмысшылар ғана емес, сол сыяқты, мастерлер де тәуліктік және апталық құрылыс жұмысының жоспарын білмейді.

Мамандарды пайдалану ісі де бетімен жіберілген. Мамандар іскерлігіне қарай пайдаланылмайды. Мәселен, шпатурыштар жер қазу жұмысымен айналысады. Мастерлер атқарылатын жұмыстарға жетек тағайындалмағандықтан бұрын істелетін жұмыстар соң, соң істелетін жұмыстар бұрын істелетін жағдайлар бұл мекемеде жиі кездеседі.

Құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы төмен екендігін жоғарыда айттық. Өйткені, құрылыс мекемесінің басшылары істелген жұмыстың сапасын атымен бақымайтын болған, жіберілген ақаулар есепке алынбайды, сондықтан, ақау жіберушілермен күрес ұйымдастырылмай, ол коллективтің талпынысына түспейтін болған.

терін дайындау уақытын неғұрамы қысқарту үшін біз саман дайындауға колхозшылардың жаппай шығуын ұйымдастырамыз. Осы мақсатпен жуырда біз онкүндік декада өткіздік. Колхозшылар бұл декада ішінде 70 мыңнан астам саман кірпіштерін дайындады. Бұл жұмыста, әсіресе, бригада мүшелері Василий Райзвих, Евгения Третьякова, Тамара Петухова тағы басқа жолдастар өздерінің қажырлы еңбектерімен көзге түсті. Олар күн сайын 650—700 саман кірпіштерін дайындайды.

Елді пункттерді көркейту жұмысында, әсіресе, селоны көгалдандыру жұмысы қызу жүргізілуге тиіс. Біз бұл жұмысқа да жеткілікті түрде назар аударудамыз. Қазір біз көшелерге ағаш отырғызу ісіне кірістік. Сол сыяқты, колхоздағы жеміс бақшасы да тәртіпке келтіріліп, тазартылды.

Біздің колхоз ұйымдық-шаруашылық жағынан жыл сайын нығайып келе жатқан колхоздың бірі. Сонымен қатар, артель мүшелері селоны көркейту ісіне де қызу кірісулі. Олар новопавловтықтардың игілікті бастамасын қызу қолдап, оған өздерінің елді пунктті көркейту жөніндегі қажырлы еңбектерімен үн қосатын болады.

С. СИБГАТУЛЛИН,
Полудень ауданы, «Путь Ильича» колхозының председатели.

ЕЛДІ ПУНКТТЕРДІ КӨРКЕЙТЕ БЕРЕМІЗ

Аралағаш ауылдық Советінің қамтуында екі ірі ауылшаруашылық артели бар. Олар — Ленин атындағы және «Аралағаш» колхоздары. Бұл екі колхоздың мәңгі пайдаланылуына 30 мың гектардан астам жер бөкітілген. Оның көпшілігі егіншілікке және мал жайылымына пайдаланатын жерлер. Екі колхоз жыл сайын 10 мың гектардай егін егеді.

Соңғы жылдары бұл колхоздардың экономикасы нығайып, соның негізінде, колхозшылардың әл-ауқаты, мәдени-тұрмысы да жақсарды. Колхоздардың негізгі табысы — егіншіліктен және мал шаруашылығынан түсетін өнімдер. Сондықтан да, бұл ауылдық Советтің қамтуындағы колхоздардың алдында тұрған басты міндет — егін шаруашылығын, сондай-ақ, мал шаруашылығын өркендету.

Өткен жылы ауылдық Советтің қамтуындағы колхоздар егіншілік мәдениетін арттыруда айтарлықтай табыстарға жетті. Мемлекетке астық тапсыру жоспары мерзімінде артығымен орындалды. Соның негізінде колхозшылардың еңбеккүні де артты. Мәселен, Ленин атындағы колхоз мүшелерінің әрбір еңбеккүніне 4 килограмға жуық астық, 1 сомдай ақша және көп оғаш берілді. «Аралағаш» ауылшаруашылық артелинің мүшелері де өздерінің еңбеккүніне көп астық алды.

Быйыл колхоздардың, әсіресе, егіншіліктен алынатын табысы едәуір артпақ. Өйткені, быйылғы жылы бұл колхоздарда бір мың гектардан артық тың және тыңайған жерлерге жаздық бидай себілді. Бұл участоктердің әрбір гектарынан 18-

Преснов ауданындағы Молотов атындағы колхоздың колхозшылары Петропавл ауданы Новопавлов селолық Советінің депутаттары мен активтерінің елді пункттерді көркейту туралы жазған үндеуін қызу еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Бұл үндеуді өздерінің көпшілік жыйналыстарында талқылап, колхозшылар өз селоларын көркейте беруге көтеріңкі міндеттемелер алды.

Молотов атындағы колхоз аудан көлемінде ең ірі, миллионер колхоздардың бірінен саналады. Колхоздың дәулеті тасып, мәдениеті де жылдан-жылға қарыштап өсіп келеді. Өткен жылы колхоздың кірісі 1 миллион 123 мың сом болды. Бұл 1952 жылмен салыстырғанда екі есе артық. Ал, үстіміздегі жылы колхоздың кірісі өткен жылғыдан екі-үш есе артады.

Колхоз шаруашылығының қарыштап өркендеуі, колхозшылардың әл-ауқатының жылдан-жылға нығаюына, мәдени тұрмысының жақсара беруіне толық мүмкіншілік туғызып отыр.

Осы көркейген колхозды гүлдендіре беруге үстіміздегі жылы біраз жұмыстар істелінді. Колхоз орталығындағы онжылдық мектеп, клуб үйі, балалар яслинің кең алаңдары түгел көгалдандырылды.

Колхозды селоның бүгінгі бейнесі

Құрылыс жұмыстарын жүргізуге колхозшылардан құрылыс бригадары бөлініп, олар қажетті материалдармен түгел қамтамасыз етіліп отыр. Үстіміздегі жылды колхозда электр станциясы, аурухана үйі, 13 автомашина тұратын гараж, село магазинін салу жұмысы зор өндірістік өрлеу үстінде басталды.

Бұрын мұнда тек селолық Совет, МТС, мектеп оқу үйлері жұмыс істесе, ал осы жылдың күзіне дейін колхоз оқу үйі салынып бітіп, пайдаланылуға беріледі. Онымен бірге, 1951 жылы салынған колхоздың жаңа клубына да жөндеу жұмыстары жүргізіліп, клубты толық жабықтау жоспарланып отыр. Колхозшылар үшін тұрғын үй салу жұмысы да ерте басталып, қазірдің өзінде біраз колхозшыларға жаңа үйлер салынды.

Колхозда бірнеше астық қоймалары да салынады. Тек колхоз орталығынан салынатын үлкен астық қоймасына ондаған мың центнер астық үйлетін болады.

Біз, миллионер колхоздың колхозшылары мен село интеллигенттері, новопавловтықтардың үндеуін қолдай отырып, өз селомызды көркейтіп, гүлдендіре береміз.

И. СЕРГЕЕНКО,
Преснов ауданы, Молотов атындағы колхоз клубының меңгерушісі.

Жаңа кітаптар

Республиканың кітап магазиндерінде ауыл шаруашылығының қызметкерлеріне арналған жаңа кітаптар тұты.

Тың және тыңайған жерлерді игерудегі тәжірибе. Мемлекеттік ауылшаруашылық баспасы. 1954 жыл, 118 бет, бағасы 80 тыйын. Кітапшаға бұрын «Сельское хозяйство» және «Совхозная газета» газеттерінде жарияланған, Қазақтың егіншілік ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерлерінің, трестер мен совхоздардың бас агрономдарының мақалалары енгізілген.

К. НИКИТИН. Жеміс бағын күту. Мемлекеттік ауылшаруашылық баспасы. 1954 жыл, 101 бет, бағасы 1 сом 35 тыйын. Екінші рет түзетіліп және толықтырылып басылуы. Кітапта жеміс бақтарын күту тәсілдері айтылады. Кітап бағбан-бригадирлерге арналған.

Т. ЖАЙЛЫБАЕВ. Мақта — біздің байлығымыз. Қазақтың Мемлекеттік баспасы, 1954 жыл, 56 бет, бағасы 60 тыйын, тиражы 7 мың. Кітапшаның авторы — Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтарал ауданындағы мақта өсіретін ең ірі колхоздардың бірі «Коммунизм» колхозының председатели. Ол колхоз мақтаншыларының зор егіс көлемінде шитті мақтадан мол өнім алу жөніндегі тәжірибесімен таныстырады. Кітапша орыс және қазақ тілдерінде басылған.

Ф. ВЕНЦЛАНОВИЧ. Сүрлеуге арналған күнбағыс. Мемлекеттік ауылшаруашылық баспасы, 1954 жыл, 36 бет, бағасы 50 тыйын. Кітапшада көкшөптен мол өнім алған озаттардың тәжірибесі туралы баяндалады. Сүрленетін жемшөп үшін күнбағыс өсірудің агротехикасы айтылады. Сүрленетін жемшөп үшін өсіретін күнбағыстың сорттары туралы жазылған. Күнбағысты сүрлеудің әдістері баяндалған.

С. АСТАНОВ. Топырақта ылғал жыйнауудың және оны сақтаудың тәсілдері. Мемлекеттік ауылшаруашылық баспасы. 1954 жыл, 76 бет, бағасы 70 тыйын. Кітап СССР-ның қуаңшылық ауданындағы топырақта ылғал жыйнау жөнінде практикалық басшылыққа алатын құрал болып табылады.

В. СУВОРОВ және А. ШТАНЬКО. Көк шөп конвейері. 81 бет, бағасы 1 сом 20 тыйын. Кітапша колхоздар мен совхоздарда көк шөп конвейерін ұйымдастыру туралы баяндайды. Малазындық дақылдардан мол өнім алудың агротехикасы және малды ерте көктемнен күздің аяғына дейін көк шөптен үздіксіз қамтамасыз ету үшін оларды дұрыс іріктеп алудың принциптері айтылады.

Н. САРДОНКОВ. Малды лагерьлеп жайып бағу. Мемлекеттік ауылшаруашылық баспасы, 1954 жыл, 132 бет, бағасы 1 сом 10 тыйын. Кітап колхоздар мен совхоздардың малшаруашылық қызметкерлеріне арналған. Онда лагерь үшін жер таңдап алу және оны жабықтау туралы, жайылымдықтарды дұрыс пайдалану және малды лагерьлерде бағу туралы айтылады.

лығы жеткілікті деуге бола ма? И, жеткілікті. Құрылыс мекемесінің пайдалануына мемлекеттен берілген машиналардың қуаты мекемеге жүктелген міндеттердің мөлшерінен әлде қайда артық. Бірақ, әйтпесе ісәт машиналардың пайдаланылуында болып отыр. Жер қазатын машиналардың қалай пайдаланылып отырғандығына бір мысал келтірейік. Мәселен, жер қазатын машиналар тапсырылған жұмыстың 5-6 процентін ғана орындаған. Араластырылған машинаның жұмысы да нашар. Оның атқарған жұмысы 60 процентке жетер-жетпестей ғана. Ал, шұққатұра агрегаттары, бояу ысулыттері сыяқты механизмдер атымен жұмысқа пайдаланылмайды. Бұл механизмдер қоймаларда сақтаулы тұр, бірақ оларды өндіріске енгізудің қамын ойлап отырған ешкім көрінбейді. Сондықтан еңбек өнімділігі төмен, жұмыс сапасы нашар, өйткені жұмыс қолмен істеледі. Ол-ол ма, мұнда

кемесі салған үйлердің төбесі нашар жабылып, шөпеленген жұқа тақтайлардың арасында апыл-апыл жерлер кездеседі.

Құрылыс мекемесінің өндірісінде социалистік жарыс ұйымдастырылмаған, жұмысшылардың сменалық көрсеткіштері көрсеткіш тақтасына жазылмайды. Мұнда саяси-тәрбие жұмысының дәрежесі өте төмен. Жұмысшылармен өңгімелесу, озаттардың тәжірибелерін сұрастыру атымен жоқ. Құрылыс мекемесінің басшылары жұмысшылар алдында бірде-бір рет саяси және ғылыми-техникалық тақырыпта баяндама жасамаған. Партия ұйымы мекеменің шаруашылық жұмысына бақылау жасамайды, жұмыстары кемшіліктерді жоюға нақтылы шаралар қолданбай келеді.

Бұл құрылыс-монтаж мекемесінің жұмысына партия, совет орындары тарапынан басшылықты шұғыл жақсарту қажет.

А. ГРИГОРЬЕВ.

Электр қуатын пайдалану ісі жақсартылсын

Өндірістік жоспардың орындалмауын кейбір кәсіпорындарының басшылары, электр қуаты жеткіліксіз деген сылтаумен түсіндіргісі келеді. Бірақ, бұл дұрыс емес және шындыққа сай келмейді.

Петропавл жылу электр орталығының қуатын ол салынғаннан бері заводтар мен фабрикалар, кәсіпшілік артельдері керектіне пайдаланып келеді. Тек электр қуатын пайдалануда әлі жойылмай келе жатқан бір кемшілік — электр қуатын ұқыпты пайдалануға кәсіпорындарының басшыларының жеткілікті назар аудармауында болып отыр. Ал, анығында біздің қаламызда электр қуатын пайдалану ісі өте-мөте нашар.

Жылу электр орталығының генераторларына жұмыс біркелкі бөлінбеген. Мәселен, таңертеңгі уақытта және кешке электр қуатын пайдалану белгіленген нормадан әлде қайда асып кетіп, ал, түнгі уақытта электр қуатын пайдалану төмендей бастайды немесе электр қуаты жартылай ғана пайдаланылады. Бұл электр қуатын дұрыс пайдалану ісін бұзуға, жылу электр орталығының отынды жоспардан артық жұмсауына әкеліп соғады.

Қала кәсіпорындарының көпшілігінде электр қуатын пайдалану үшін күрес шын мағынасында ұйымдастырылмай отыр. Кейде жабықтар бостан босқа пайдаланылып, қуатты станоктар ұсақ бөлшектерді өңдеумен болады. Осының нәтижесінде электр қуаты шамадан артық пайдаланылып, ал, шығарылған өнімнің пайдалылығы жұмсалған электр қуатынан әлде қайда кем болады.

Электр қуатын дұрыс пайдалану үшін бірталай кәсіпорындарында социалистік жарыстың ұйымдастырылмай отырғандығын, оған кәсіпорындарының шаруашылық және партия басшыларының мән бермей отырғандығын баса айту қажет. Электр қуатын тиімді пайдалану үшін күрестің ұйымдастырылмай отырғандығынан аяққим фабрикасында электр қуаты жоспардан тыс 51,5 процент, Микоян атындағы ет-консерв комбинатында 47 про-

цент ысырап болды. Қаланың 5 кәсіпорны үстіміздегі жылдың бір тоқсанында 353 мың киловатт-сағат электр қуатын ысырап етті.

Бірақтар кәсіпорындарында электр қуатын бөлудің линиясы қанағаттанғысыз күйде қалып келеді. Мәселен, қалалық электросеть, Микоян атындағы ет-консерв комбинаты, темір жол торабы бойын да электр линиясының нашарлығынан электр қуатын өткізу белгілі мөлшерден екі есе асып кетіп отыр. Сым, аспан жолдары электр қуатын пайдаланудың ережелеріне сәйкес келмейді, найзағай тартқыш нашар жабықталған.

Электр қуатын пайдаланудағы бұл сыяқты кемшіліктердің орын алып отырған себебі — жылу электр орталығының басшылары электр қуатын тиімді пайдалану жөнінде кәсіпорындары басшыларының алдына нақтылы мәселе қоймай, олардың электр қуатын пайдалануын қанағаттанғысыз бақылап отыр.

Оның үстіне, электр қуатын шығару жұмысын арттыру үшін де нақтылы шаралар белгіленбей келеді. Қалада ірі жылу электр орталығының құрылысы жоспарланып отыр, оның алғашқы агрегаттары 3-4 жылдан кейін пайдалануға берілетіндей күйде болады. Жұырда орнатылатын электр қуатын беретін бұл поезд біздің электр жөніндегі мүмкіншіліктерімізді едәуір ұлғайта түседі. Алайда, кәсіпорындарының басшылары электр қуатын беретін поезға қарап токмөлдіеуіне болмайды. Біз дұрысы, әрі пайдалысы — электр қуатын пайдалануды барынша жақсарту керек, электр қуатын тиімді жұмсауға жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер коллективін түгелдей жұмылдыру қажет.

М. ГРЕЧКОСЕЕВ,
ҚКП қалалық комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі.

ҚАЗАҚ БИ АНСАМБЛІ



СУРЕТТЕ: Қазақтың халық билері ансамблінің әйелдер тобы қазақтың «Маусымжан» биін билеп жүр.

★

★

Қазақтың Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармониясының халық билері ансамблі бұдан үш жыл бұрын, 1951 жылы Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша құрылған болатын. Яғни творчестволық коллектив Алматының хореографиялық училищесінің бітірушілерінен және көркемөнерпаздар үйірмесінің талантты орындаушыларынан жинақталған еді. Бұл азғантай уақыт ішінде коллектив халық билері жөніндегі маған балетмейстер Александр Пляровтың басшылығымен екі программа дайындады. Жуырда олар облысымызда болып, қала жұртшылығына өз өнерлерін көрсетті.

Қалалық демалыс және мәдениет паркіндегі жазғы театрда концерт көрсеткен жас коллективтің көркемөнерпаздық шеберліктерін көруге қала жұртшылығы көп жиналды. Тек қана Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін дамыған қазақ халқының ұлттық биі искусствосы бұл ансамбльдің творчестволық өсулерінің негізі болды. Ұлттық ойындардың жеке-жеке қылымдары мен элементтерінен жүйелі құрылған, әсер қалдыратын мазмұнды, ұлттық ерекшеліктері бар билерді орындау арқылы олар өздерінің дұрыс творчестволық даму жолында екендігін көрсетті.

Қазақ ССР Халық артисткасы Шара Қойған қазақтың халық биі «Маусымжан» көрушілерге зор әсер етті. Ансамбльдің әйел билері бұл биді жеңіл және әсем орындады. Олардың сымбатты қылымдары билің лирикалық мазмұнымен шебер ұштастырылған. Сол сияқты, ерлер биі «Көкпар» концерт программасында сәтті орындалған билердің бірі болды. Қазақтың ұлттық ойыны негізінде жасалған бұл биді орындаушылар өздерінің балет искусствосын меңгеру жолында көп

творчестволық шеберлігімен көзге түскен болатын. Онда Ибрагимов әсересе, аджар халқының өзінің тәуелсіздігі үшін күресін ойдағыдай бейнелей алды.

Ансамбльдің репертуарында ССРО халықтарының билері де бар. Мұның өзі ансамбль коллективінің еліміз халықтарының хореографиялық искусствосын кеңінен насихаттау міндетін алға қойып отырғандығын көрсетеді. Әсересе, ансамбль коллективі орындаған «Украин сюитасы», «Молдаван сюитасы» билері өте жақсы шықты. Ал, Молдаванның ұлттық биі «Сырбаны» орындауда ансамбль солистері Идилова мен Дубровский жолдастар бұл биде көрінетін ұлттық ерекшеліктерді толық көрсете алды. Сөйтіп, олар өздерінің жақсы сахна шеберлері екендіктерін аңғарта білді.

Концерт программасының бір бөлімі кәзіргі тақырыптардағы билерге арналған. Әсересе, «Шахтер биін» орындауда ансамбль коллективі кәзіршілердің еңбектерінің ерекшеліктер мен олардың демалыстарын жақсы бере білді.

Жеке бишілер Ходжаева (Монгол биі «Самая») мен Мансурова (Тәжік қызының биі) орындаған билер бұл жас сахна шеберлерінің өз мамандықтарын жетілдіре беру жолында көп іздендіктерінің айғағы.

Ансамбль коллективінің творчестволық жұмыстарында кемшіліктер де жоқ емес. Мәселен, «Украин сюитасы» биін орындауда әліде болса оғаш қылымдар көп кездеседі. Ал, билердің музыкасын орындауда өз дәрежесінде емес. Әсересе, халық билерін музыкамен орындауда ұлттық ерекшеліктер толық сақталмайды. Шынығында, ансамбльдің құрамында ұлттық музыка оркестрінің болуы дұрыс болған болар еді.

ГВАТЕМАЛАДАҒЫ ЖАҒДАЙ

НЬЮ-ЙОРК, 5 июль. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Гватемаладан берген хабарынан көрініп отырғандай, Гватемаланың қаруланған шаруаларының отрядтары транспортқа, тас жолдарға және кіші-гірім селоларға «шабуыл жасауда» көрінеді. «Әскери хунта, — деп жазады тілші, — шабуыл болып жатқан аудандарда солдаттарға қару-жарақ табылған шаруаларды тұтқыңға алып, қарусыздандыруға бұйрық берді». Пуэрто-Барриос ауданында партизандар қымылдың белсенділігі атап көрсетіледі.

АМЕРИКАНДАРДЫҢ ИРАНАҒЫ ТІМІСКІЛЕНУІ ТУРАЛЫ АҒЫЛШЫН ГАЗЕТІНІҢ ПІКІРІ

ЛОНДОН, 5 июль. (СОТА). «Скотсмен» газетінің Лондондағы тілшісі Иранда соғыс азырынның күшейгендігі туралы хабарлайды. Ирак сияқты Иран, — деп жазады газет, — түрік-пәкістан одағына әлі қосылған жоқ, алайда, Ирак сияқты қару-жарақ және соғыс киім-кешегін жеткізу туралы Америкамен келісімі бар. АҚШ-тың соғыс-әуе күштерінің майоры Томпсон 20 июльде Пранның қорғаныс министрі генерал Хедаят және Иран армиясы штабының бастығы генерал Батманкльчпен келіссөздер жүргізу үшін Анкарадан Тегеранға келген.

АҚШ қорғаныс министрлігі Иранның он елді пунктінде, соның ішінде Исфаган, Керман, Шираз, Ахваз және Бендер-Аббас аэродромдар салып, оны кеңейтуге мүдделі болып отырғандығы мәлім. Түркиядағы сияқты соғыс кәсіпорындарын қаржыландыруға жұмсалып отырған АҚШ доллары Иран порттарын соғыс қажетіне жабдықтауға және кеңейтуге жұмсалатын болады. Соғыс қажетіне жабдыкталатын порттардың кейбіреулері Қара теңіздегі сияқты совет жағалауларына жақын Каспий теңізіндегі порттардың қатарына жатады.

ПАРАГВАЙДАҒЫ АМЕРИКАН ӨКТЕМДІГІНІҢ САЛДАРЫ

МОНТЕВИДЕО, 5 июль. (СОТА). Чилидің «Нуэстро тьемпо» журналында мақала жарияланып, онда Парагвайдағы АҚШ өктемдігінің зиянды салдары әшкереленген. Журнал американың компаниялары Парагвай экономикасының негізгі салаларында қожалық жасап отыр деп жазады. Құлданушылық жағдайда ұсақ-түйек қарыз беруді көздейтін Труман программасының төртінші пунктін жүзеге асыру жөніндегі аралас комиссияны жасау жолымен АҚШ «Парагвайға өзінің әскери, экономикалық және саяси бақылауын орнатты. Ұлттық тәуелсіздікті жоғалтты. АҚШ-тың ықпалына іліккен басқа елдер сияқты елдің экономикасын монополистік компаниялардың иеленуі Парагвайды бұрын-соңды болып көрмеген қайыршылық және азын-тозушылыққа жеткізді».

Журналдың атап көрсеткеніндей, соңғы 10 жылдың ішінде Парагвайда баға 10 рет артқан. Осы уақыттың ішінде қағаз ақшаның шығарылуы 20 дүркін артқан, ол Парагвайдың ұлттық валютасының са-

ССРО-да атом қуатымен жұмыс істейтін тұңғыш өнеркәсіп электр станциясының іске қосылғаны жайында

ВАРШАВА, (СОТА). ССРО-да атом қуатымен жұмыс істейтін тұңғыш өнеркәсіп электр станциясының іске қосылғандығы туралы хабарды Поляк Халық Республикасының жұртшылығы зор ынтамен қарсы алды.

Газеттер өздерінің мақалалары мен көптеген түсініктемелерін осы оқыйға арнады. «1954 жылғы 27 июльде» деген мақаласында «Трибуна люду» газеті былай деп жазды:

«Біз бұл күнді ұмытпаймыз. Бұл күннің маңызын кәзір болжап білу әлі мүмкін емес, ол өнеркәсіптік және техникалық ұлы революцияның басталу күні ретінде белгіленетін болады. Өнеркәсіп мақсатында қолданылған атом қуаты адамзаттың тарихында тұңғыш рет соғыс мақсатына, жоюға, қыруға емес, адамның пайдасына қызмет ете бастады.

Дүние жүзіндегі ең озат советтік социалистік ғылым мен техника шын мәнінде тарихи жеңіске жетті.

Совет ғылымы мен техникасының бұл табысы, деген онан әрі газет, жүздеген миллион адамдарға үрей туғызып отырған күштің көзін адамға қызмет ететін күш көзіне айналдыруға болатынын бүкіл адамзатқа көрсетіп отыр. Бұл үшін барлық ұлы державалардың жаппай қырып жойатын қаруды қолданбауға салтанатты міндеттеме алуы жолындағы күресті күшейту қажет. Бұл күрестің кәзіргі ұраны: атом қуаты — адамға қызмет ететін болсын, өмірге қызмет ететін болсын, деген ұран болады».

ПРАГА, 2 июль. (СОТА). Совет Одағында атом қуатымен жұмыс істейтін тұңғыш электр станцияның іске қосылғандығы туралы хабарға байланысты бүгін «Руде право», «Обрана лиду», «Прага» және басқа орталық газеттер арнаулы басмақалалар жариялады.

Атом қуатымен жұмыс істейтін тұңғыш электр станцияның іске қосылғандығы туралы хабарды АҚШ Министрлер Советінің хабары, деп жазған «Руде право», дүние жүзіндегі ең прогрестік ғылым — советтік социалистік ғылымның артықшылығын тағы да айқын көрсетті.

Чехословак халқы, деп жазған «Руде право», совет адамының қолындағы атом қуаты бейбітшілік мақсатына қызмет етуде деген хабарды орасан зор қуанышпен қарсы алды.

БУХАРЕСТ, (СОТА). «Скынтейя» газеті Румын Халық Республикасы Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Валер Новакудың мақаласын жариялады. ССРО-да ғалымдар мен инженерлер, делінген мақалада, атом қуатымен жұмыс істейтін электр станция жасаудың техникалық күрделі проблема-сын шешкендігін бүкіл адамзат қуанышпен естіп білді. Бұл — жоғары өңбек өнімділігіне жетудің, өндірісті кеңінен механикаландырудың және автоматтандырудың алауан түрлі азық-түлік молшы-

лығына жетудің орасан зор перспективасын ашатын атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану жолында алға басқан маңызды қадам. Атом қуаты адамға қызмет ететін болды... Социализм елінің көк жиегінде коммунизм таңы барған сайын жарқырай түсуде.

«Ромыния либера» газеті өзінің басмақаласында АҚШ-та атом қуатын молайту ісі Совет Одағындағыдан өзгеше, тек қана соғыс мақсаттарына бағытталуда деп жазған.

СОФИЯ, (СОТА). «Отечествен фронт» газеті бүгін былай деп жазды: енді біз «ия, біздің ғасырымыз атом ғасыры болады дей аламыз. Бірақ атом бомбасы болғандықтан емес, кәзірдің өзінде атом электр станциясы болғандықтан осылай дейміз! Тарих шежіресіне әділ ақыйқат ретінде атом бомбасының алғашқы жасалған жері империалистік Америка, ал атом нұрының шыққан жері Совет Одағы деп жазатын болады. Нұр сәулесті мен бұліншілік бір-біріне қарама-қарсы нәрселер. Бір-біріне бұдан артық қарама-қарсы не болушы еді!

Совет Одағында да атом қаруы бар, бірақ ол бірнеше жылдан бері батыс мемлекеттерге бұл қаруға тыйым салу туралы келісім жасауды табандылықпен ұсынып келеді. Батыс мемлекеттері бұл ұсыныстарды соншама қасарысып қабылдамады және қабылдамауда. Атом қуатын бейбітшілік мақсатына пайдалану жөніндегі алғашқы және осы уақытқа дейінгі бірден бір қадамды Совет Одағы жасағанын бүкіл дүние жүзі көріп отыр.

Бұл станцияның іске қосылғаны, деген газет, бүкіл дүние жүзіндегі миллиондаған адамдардың ойы мен жүрегін қуанытты, оларды атом қуатын адамзаттың прогресі үшін тек қана бейбітшілік мақсатқа пайдалану жолында бұрынғыдан да батыл күресуге жігерлендіреді.

БУДАПЕШТ, (СОТА). «Советтің бейбіт атом құрылысы» деген мақаласында «Сабад неп» газеті тұңғыш атом электр станциясының іске қосылуы өндірістің күштердің өркендеу тарихындағы адамзаттың тарихындағы маңызды оқиға екенін атап көрсеткен. Советтік атом электр станциясы, — деп жазады газет, адамның табиғат күштерін мықтап жеңгендігі, атом қуатын бейбіт мақсаттарға практика жүзінде пайдаланудың батыл қадамы болып табылады. Мұның тарихи маңызы міне осы.

Газет мынаны атап көрсеткен: атом қуатының сырын ашқан кезден бастап Совет Одағы оны бейбіт мақсаттарға қолдануға ұмтылып отырған уақытта Америка-Құрама Штаттары, бұған керісінше, барлық күшін атом қуатының көмегімен адамдарды мүмкіндігінше көп қыруға және адам еңбегінің жемістерін мүмкіндігінше көп жоюға мүмкіндік туғызуда бағыттауда.

ВЬЕТНАМДАҒЫ ЕКІ КОМАНДОВАНИЕ ӨКІЛДЕРІНІҢ КЕЛІССӨЗДЕРІ

ШАНХАЙ, 5 июль. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігі Вьетнамдағы екі командование өкілдерінің әскери кеңесінің бірінші мәжілісінің біріккен мазмұндама текетін жариялады. Мазмұндамада «бірінші мәжіліс ойдағыдай жағдайда өтті» делінген. «Екі делегацияның басшылары өздерінің кіріспе сөздерінде екі халықтың да бейбітшілікке ұмтылып отырғандығын мәлімдеп, екі жақ та жақын күндердің ішінде әскери кеңестің ойдағыдай аяқталуы үшін барлық мүмкіншілікті жұмсауға міндетті екендіктерін атап көрсетті».

Сол сияқты, Вьетнам информациялық агенттігі кеңестің міндеттері жөнінде екі делегация төмендегідей келісімге келді: әскери кеңеске қатысушылар Женева кеңесінде талқыланып отырған барлық соғыс мәселелерін жергілікті жерде талқылап, өзінің ұсынысын жасайды; кеңес Женева кеңесінде келісілген соғыс жағдайларын орындау жөнінде талқылап, қарар қабылдайды; кеңес жергілікті жерде нақтылы жағдайлардан туатын соғыс мәселелерін талқылайды.

Екі делегация төмендегі күн тәртібін қабылдады: Женева кеңесінде келісілген жағдайлар шеңберінде соғыс тұтқындары туралы мәселе, атысты тоқтату туралы мәселе; зоналарды қайта топтауды реттеу; аралас комиссияны жасау туралы мәселе; Женевада соғыс кеңесінде көтерілген мәселелер немесе жергілікті жерде соғыс кеңесі көтеретін мәселелер.

ОҚҮСТІК -ШЫҒЫС АЗИЯ БОЙЫНША АҒЫЛШЫН -АМЕРИКАН КЕЛІССӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ «НЬЮ-ЙОРК ГЕРАЛЬД ТРИБЮН» ГАЗЕТІНІҢ ПІКІРІ

НЬЮ-ЙОРК, 6 июль. (СОТА). «Нью-Йорк геральд трибюннің» Вашингтондағы тілшісі Расселдің хабарына қарағанда, АҚШ және Англия осы аптада Эйзенхауэр мен Черчилль арасында өткен аптада қол жеткен келісімге сәйкес Оңтүстік -Шығыс Азияда соғыс одағын жасаудың жоспары туралы ресми емес келіссөздер бастауға ниеттеніп отырған көрінеді. Әзірге ағылшын-американ келіссөздерінің басталу мерзімі тағайындалмаған.

Рассел келіссөздер төмендегі мәселелерге арналатын болады деп жазады: «Біріншіден, бұл договорға қандай елдер қосылуға тиіс; екіншіден, бұл елдерді қалай іріктеу керек және фактіге қатыстыру үшін оларды кім шақыруға тиіс; үшіншіден, одақ бойынша қандай міндеттемелер алынуда тиіс».

МЕНДЕС-ФРАНСТЫҢ ФРАНЦУЗ ӘСКЕРІ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІМЕН ӨТКІЗГЕН КЕҢЕСІ

ПАРИЖ, 5 июль. (СОТА). Кеше Францияның министрлер советінің председателі Мендес-Франстың ұлттық қорғаныс министрі генерал Кениг және басшы әскери қайраткерлер генерал Гийом және Бланкен кеңесі болды. Кеңесте Индо-Кы-

Сүгу сазлы музыка үнімен үндесе орындалған «Қазақ сюитасы» биді көрушілердің зор көпеметіне бөленді. Бұл би үш бөлімнен құралған. Бұл бөлімдердің барлығында да қазақтың ұлттық ойындарының элементтері бар. Бидің бірінші бөлімі «Белбеу тастау» деп аталады. Ал, екінші бөлімінде ұлттық ойын «Орамал», үшіншісінде ақыл бен жігіттің биі. Бұл үш бөлімнің сюиталары өзара қызу қызылмен органикалық түрде байланысқан. Әсем қызылмен орындалған бұл би өзінің көркемдігімен және терең ұлттық мазмұнымен ерекше болды. Әсері, ансамбльдің солисі С. Ибрагимовтың сахналық шеберлігіне көрушілер риза болысты. Ол бұдан кейін орындалған алғаш халқының ұлттық биі «Хорумиде» де өзінің

ансамбльде өздерінің көркем және шебер билерімен көрушілер көпеметіне ие болған жас билер аз емес. Олардың қатарында Кәдіржұлов, Байқабатов, Пантелеев, Нүркеева және басқаларының аттарын атауға болады. Мұның өзі ансамбль басшыларының жас таланттарды өсіруге жеткілікті көңіл бөліп отырғандығын көрсетеді.

Кәзір жас творчестволық коллектив «Бейбітшілік туралы» би композициясы және «Койшы» бий орындау жолында таланттары жүр.

Халық биі ансамблінің концерті зор табысты болып өтті. Олардың өз өнерлерін бұдан да әрі жетілдіре беруіне толық мүмкіншілік бар.

Н. НАИДЕНОВ,
Облыстық драма театрының артисі.

Колхоз бақшашысы

Бұдан 25 жыл бұрын Октябрь ауданындағы Городецкое селосының тұрғын шаруасы Трофим Батеха бір посылка алды. Оны ашып қараса ішінде жаңа гана өсіп келе жатқан алма ағаштарының сабағы бар екен. Бұл ағашты одан әрі өсіруге бақшашының ешқандай мүмкіндігі болмады. Өйткені, алма ағашы Сибирь жерінің суық ауа райына төзбеді. Трофим Батеха көмек, кеңес сұрап, ғылыми-зерттеу институттарына, тажрибе станцияларына, ғалымдарға хат жазды. Олар бақшашыға пайдалы кеңестер жазылған жауап хат жазды. Трофим Батеха күні осы уақытқа дейін олармен үзбей байланыс жасап тұрады.

Бақшашының хатына алғаш рет жауап берген адамдардың бірі кәзіргі Омск ауылшаруашылық институтының кафедра меңгерушісі, профессор Александр Дмитриевич Казорин еді. Батеха Мичурин туралы бірінші рет осы профессордан естіді. Ол өзінің хатында «Ғылымсыз, Мичуриннің ілімін білмей, бақша өсіру өте қиын. Сіз үлкен, әрі маңызды істің бас таушысы болып отырсыз. Сіздің бақшашы келешекте мәуелеп өсетін болады», — депті.

Үлгілі кітапханада

Теміржолшылардың техникалық кітапханасы қаладағы үлгілі кітапханалардың бірінен саналады. Ондағы кітап қоры 20 мың томнан асады. Осы кітапхананың штат пасы соғылған кітаптарды теміржолшылардың үйінде, темір жол будкаларында, паровоз депосының цехтарында, темір жол бөлімшесінің оқу үйлерінде, жолаушы поезддарында кездестіруге болады. Әрбір екінші теміржолшы кітапхананың тұрақты кітап оқушысы болып есептеледі.

Кітапхананың штатында небары бір-ақ адам бар. Зинайда Павловна осыншама жұмыстың барлығына штаттан тыс ондаған кітап оқушыларды тарту арқылы ұйымдастырып отырады. Оған кондукторлар, машинистер, станция кезекшілері, инженерлер белсене көмектеседі. Кітапханада үнемі кітап оқушылар конференциясы өткізіліп тұрады.

Зинайда Павловнаның осы кітапханада

кітапханашы болып істей бастағанына 15 жылдай уақыт болды. Ол алғаш қызметке енген кезде мұнда тұрақты кітап оқушылардың саны тым аз болатын.

Максим Тимофеевич Абрамов Зинаида Павловна кітапханашы болып қызмет істей бастаған кезінде көчегар болатын. Кәзір ол бесжүзші-машинист, менің мұндай мамандық алуыма Зинаида Павловна көп көмек көрсетті, деп оны орынды мақтан етеді. Сол сыяқты Василий Шевченко да осы кітапханада оқып, өзінің білімін жетілдіру арқылы быйыл институтқа түсуге мүмкіндік алды. Мұндай адамдар темір жол бөлімшесінде көнпеп саналады. Олардың бәрі де өздеріне техникалық әдебиеттерді іріктеп алуға, білімдерін жетілдіруге көмектескені үшін Зинаида Павловнаға шын жүректен алғыс айтады.

рауына әкеліп соққан. Журналдың мәліметтеріне қарағанда, еңбекшілердің ішін жемінің үнемі жетіспейтінінің салдарынан Парагвай адамдарының өмір сүруі орташа есеппен алғанда 30 жылға жетпейтін болған.

Ирандағы саяси тұтқындардың жағдайлары жайында

ТЕГЕРАН, 4 июль. (СОТА). «Данья» газеті саяси тұтқындар қамалған Харг аралында қағынды ауруы таратылды деп хабарлайды. Осы ауруға шалдыққан 8 адам Бүшірге жөнелтілген.

«Кәзіргі уақытта, — деп жазады газет, — Харг аралында дәрігерлер мен дәрі-дәрмектер жоқ және қағынды ауруы арал халқының арасына өте шапшаң тарайды».

Шығыс Пакистанда коммунистік партияға тыйым салу

ЛОНДОН, 5 июль. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Карачиден берген хабарына қарағанда, Шығыс Пакистан үкіметі Коммунистік партияға тыйым салған.

Француз-герман қатынасы жайында

ПАРИЖ, 5 июль. (СОТА). «Монд» газеті француз үкіметі жалпы Францияның сыртқы істер стац-секретары Герен де Бомонның «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы мәселе бойынша Аденауэрмен келіссөз жүргізу үшін Боннға баруын мүлдем болдырмауды (мұнан бұрын хабарланғанындай кейін қалдыруды емес) ұйғарды деп хабарлайды.

Газет француз үкіметінің бұл қарарын Аденауэрдің соңғы мәлімдемесімен байланыстырады. Аденауэр «европалық армияны» жасақтауға, яғни Батыс Германияны қаруландыруға дереу келісуге француз парламентін жөндіру үшін Францияға ықпал жасауға әрекеттенген болатын.

Азияда бейбітшілік және хауіпсіздік үшін

ДЖАКАРТА, 5 июль. (СОТА). Индонезияның «Хариан-ракьят» газеті өзінің редакциялық мақаласында Азия мәселесін айта келіп, кәзіргі уақытта Азия халықтарын толқытып отырған ең маңызды мәселелерге екі көзқарастың бар екендігі өте айқын көрінді деп баса көрсетеді. Бірінші көзқарас Эйзенхауэр мен Черчилльдің мазмұндамасында көрсетілген, ол соғысқа апаратын жол, екіншісі — бейбітшілікке жол апаратын Неру мен Чжоу Эн-лайдың мазмұндамасы. Газет Азия халықтары екінші жолмен жүргісі келеді деп жазады. Олар «жанжал тудырып, соғыс желігімен әлемді уландырушы» американимпералистерінен ешнәрсе сұрамай, АҚШ бастап отырған отарлаушы меклекеттердің басқыншылығын айыптайды.

Францияға шетел қысымы туралы Париж баспасөзінің пікірі

ПАРИЖ, 5 июль. (СОТА). Француз баспасөзі «Европалық армияны» жасақтау туралы договорды ратификациялауды тездету мақсатымен Францияға жасалып отырған шетелдік қысымның күшейіп отырғандығын тынышсызданып жазады.

Саяси шолушылар бірауыздан бұл қысым кәзіргі уақытта Вашингтоннан, Лондоннан және Бонннан шығып отыр деп атап көрсетеді. Францияға ықпал жасау үшін алжасқан құбысжық жер бетіне қайта шығарылуға: егер «Европалық армияны» жасақтауға француз парламенті дереу келісім бермесе, тәуелсіз вермахтыны қалпына келтіру.

Газеттер Аденауэрдің жақында жасаған қоқан-лоққы мәлімдемесін АҚШ ашық түрде қанағаттанғандықпен қарсы алғандығын жазады. Алайда, Францияда ол мәлімдеме басқаша қабылданды. Бұған Аденауэрмен келіссөздер жүргізу үшін сыртқы істер стац-секретары Герен де Бомонның Боннға бару мерзімін белгісіз уақытқа қалдыру туралы үкіметтің қарар қабылдағаны дәлел.

Газет Оңтүстік-Шығыс Азияда соғыс одағын жасақтау жоспары және Азия халықтарын басқыншылық ниетпен пайдалану туралы мәселе талқыланғанын кейін қырағылықты күшейтуге шақырады.

«Хариан-ракьят» осыған байланысты айқын саясат жүргізуді, Неру мен Чжоу Эн-лай арасында болған келісімді сөзсіз мақұлдауды, индонез халқының ұлттық тілектеріне қарсы шығып отырған АҚШ жөніндегі көзқарасты қайта қарауды Индонезия үкіметінен талап етеді.

андағы соғыс жағдайы талқыланды.

Франс Пресс агенттігі жариялаған хабарда кеңеске қатысушылар тығыл-таял қажеттіктерді қанағаттандыру үшін және Францияның ықтимал жүресті жүргізе берерліктей жағдайы болуы үшін қабылдануы қажет болып отырған соғыс шаралары туралы мәселені талқылағандығы айтылады.

Сол сыяқты, хабарда «министрлер советінің председателі өзіне жағдай туралы толық қорытынды жасауға мүмкіншілік берерліктей барлық соғыс және дипломатиялық информацияларды жыйнап алмағандығы, сондықтан кеңесте ешқандай қарар қабылданбағандығы» айтылады.

Мендес -Франстың Вашингтонға баратын сапары туралы «Нью-Йорк Таймс» газетінің пікірі

НЬЮ-Йорк, 5 июль. (СОТА). «Нью-Йорк таймс» газетінің Женевадағы тілшісі Каллендердің хабарына қарағанда, Францияның премьер-министрі Мендес-Франс Вашингтонда АҚШ-тың президенті Эйзенхауэрмен кездесу туралы шақыруды қабылдаған.

Жапониядағы стихиялық апат

ПАРИЖ, 5 июль. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің Токиодан берген хабарына қарағанда, нөсер жаңбырдың салдарынан, соңғы тәуліктердің ішінде 31 адам қазаға ұшырап, 20 адам жараланған. 4 июльден бері Сикоку аралының көп жерінде және Хонсю аралының оңтүстік-батыс бөлегінде, сол сыяқты Хирасима және Осака аудандарында болмашы үзіліспен нөсер жаңбырлар болып тұр. Теміржол қатынасы 20 жерде тоқталған.

Редактор **Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

ОБЛЫСТЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНДА 9 ИЮЛЬДЕН

КУЗБАСС МУЗЫКАЛЫ КОМЕДИЯ ТЕАТРЫНЫҢ ГАСТРОЛІ басталады

9 ЕР КІН ЖЕЛ
10 КЕТО ЖӘНЕ КОТЭ
11 ШЕЛЬМЕНКО ДЕНЩИК
12 МАЛИНОВКАДАҒЫ ҚУДАЛЫҚТОЙЫ
13 ТРЕМБИТА
14 МАРИКАНЫҢ БАҚЫТЫ
15 ТЕҢІЗ ТУЙІНІ
16 ҚЫЗДЫҢ САСҚАЛАҚТАУЫ

Барлық спектакльдерге театр кассасында күндізгі сағат 2-ден кешкі сағат 9-ға дейін алдын-ала билеттер сатылады.

3-83 телефон арқылы.

Коллективтерден заявқалар қабылданады.

Спектакльдер кешкі сағат 8-30-да, күндіз сағат 12-де басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Зооветснаб» 1955 жылға зоотехни қалық, малдәрігерлік товарлары мен медикаменттеріне заявқалар қабылдай бастады.

Аудандық малдәрігерлік емдеу орындары, МТС-тер, совхоздар, колхоздар, лабораториялар, көмекші шаруашылықтар және басқа да мал шаруашылығы шаруашылықтары осы жылғы 10 июльге дейін өздерінің заявқаларын облыстық «Зооветснабқа» тапсырулары керек.

Заявқа тапсырмаған шаруашылықтар мен мекемелер 1955 жылғы тоғармен жоспар бойынша жабдықтап отыруға енгізілмей қалады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат бөлімшесі облыс экрандарында «ТЫНЫШТЫҚТЫ БҮЗУ-ШЫЛАР» деген көркем суретті жаңа фильм көрсете бастайды.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КОТОВСКИЙ»

Сағат 4-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«БІР УНИВЕРМАГТА»

Сағат 6-30-да басталады.

Темекі фабрикасы колхоздарға, совхоздар мен жеке адамдарға бақша егістеріне зиянды жәндіктерге қарсы және малдың қотыр ауруына қарсы күрес жүргізу үшін темекі үгітіндісін сатады.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Коминтерн көшесі 43-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-89. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сойлесуге болады.

УШ 02059.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.